

ЗАН

№7 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

Аманкелді АБДОЛОВ,
Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары
жөніндегі Уәкілдің Атырау облысы бойынша Өкілі:

**«АДАМ ҚҰҚЫҒЫ –
ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА»**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№7 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А. АХПАНОВ,

з.ғ.д., профессор

К. АЙТХОЖИН,

д.ю.н., профессор

Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,

з.ғ.д., профессор

Б. БОРУБАШЕВ, з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

К. МАУЛЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

С. СӘБІКЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

Қ. ДОСАЛИЕВ,

з.ғ.д., профессор

В. ШУМИЛОВ,

Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

М А З М Ұ Н Ы

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ — ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Б. ҒАЛИЕВ 3

Мәскеу императорлық университеті, заң факультетінің студенті

ЖАНША ДОСМУХАМЕДУЛЫ ДОСМУХАМЕДОВТЫҢ КАНДИДАТТЫҚ ЖҰМЫСЫ

Д. ДОСМУХАМЕДОВ 11

Вектор развития инклюзивного образования

Ж. НУРМАХАНОВА 18

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің берері мол

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ 21

Онлайн процестерді оңтайландыру уақыт талабы

С. МЕҢЛІБЕК 23

ТРЕХУРОВНЕВЫЙ СУД — ОБЛЕГЧЕНИЕ ДОСТУПА К ПРАВОСУДИЮ

Е. КВАН 26

Қадырдың тойы — қазақтың тойы

А. АХМЕТОВА 27

Рақымшылық жасаудың өз тәртібі бар

А. БУЛАКБАЕВА 29

Қаржылық сауат — тұрақты болашақтың кепілі

А. МАУЛЕНБАЙ 31

Сот актілеріне шағымданудың жаңа тәртібі

А. БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ 33

Инвестиция экономиканы оңтайландырады

Т. ИБАШЕВА 35

Жеке сот орындаушылар сала жұмысын жандандыруда

Г. СЫРБАЕВА 37

Ұлттық инфрақұрылым жоспары жүзеге асырылуда

Ұ. ӘЛІШЕВА 39

Атқарушылық өндірістегі оңайлатылған іс жүргізу

Т. ЭБУОВ 41

Тәуелсіз елдің тарихи бастауы

Ш. РГЕБЕК 43

Ең тиімді тетіктер іске қосылды

М. ЖОЛСАРЫҚЫЗЫ 45

Тұтынушы тауарды қайтаруға, айырбастауға құқылы

Ш. РАҚЫМҚЫЗЫ 47

Отандық кәсіпкерлікті қолдау шаралары

Ұ. ТІЛЕУҚЫЗЫ 48

«ӘРБІР ЖЕТІСТІГІМДЕ ОТБАСЫМНЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР»

М. ФАЗЫЛОВА 49

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

– Аманкелді Аманиязұлы, адам құқықтары тіршілік иесі жарық дүние есігін ашқан сәттен бастап пайда болды десек еш асыра айтқандық емес. Бүгінгі сұхбатымызды табиғи және әлеуметтік құқықтардың ара жігін ажыратып алудан бастасaq.

– Табиғи құқықтар адамның тіршілік етуінен туындайды, ал әлеуметтік құқықтар адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болады. Адам құқығы – адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ең жоғарғы демократиялық құндылық. Сондықтан да, әрбір адам өзінің де, өзгелердің де осы құндылығын бағалай білуі және оған ешқандай да зиян келтірмеуі керек.

Рухани байлығымыздың бірі отбасы құндылықтары екені даусыз. Қазақ халқы өзінің ұрпағын ата-баба дәстүрімен, ата-әже тәрбиесімен, ата-ана қамқорлығымен тәрбиелеген. Адамзат өміріндегі мейірімділік пен адалдық адамгершілік пен тектілік секілді асыл қасиеттерді бойына жинайтын, оны ұрпақ санасына қалыптастыратын ардақты аталарымыз бен әжелеріміз болған. Құндылықтарды отбасы ішіндегі қарым-қатынас пен отбасы мүшелерінің өзара байланысын реттейтін принциптер, сенімдер мен нормалар жиынтығы деуге болады.

Әке, оның отбасындағы орны туралы әлемнің барлық халқы, ұлы философтары өз еңбектерінде айтқан және кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Мысалы, Жүсіп Баласағұн бабамыз «Ұл туса – әкеге тартар» десе, Американың тұңғыш президенті Джордж Вашингтон «Әке болу – бұл тек ұрпақ жалғау емес, сонымен бірге ұрпақ тәрбиелеу» деп көрсеткен.

Бүгінгі ата, әке, бала сынды үш ұрпақтың мойнындағы ұлы міндет өз тамырын іздеу, өзін-өзі толық тану болып табылады. Қамшының сабындай қысқа өмірде адам баласының бүкіл болмысын, тыныс–тіршілігін, кескін-келбетін ғажайып нұрға бөлейтін, жүрек төрінен мәңгі кетпейтін екі асыл жан бар. Оның біреуі – тар құрсағын



*Аманкелді АБДОЛОВ,
Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі
Уәкілдің Атырау облысы
бойынша Өкілі*

кеңітіп, тас емшегін жібіткен аяулы ана болса, екіншісі – асқар таудай қорғаның ардақты әке.

Қазақ әйелі – бар мұратын ұрпағының игілігіне арнаған, бар тілегін перзентінің жолына байлаған отбасының ұйытқысы, тіршіліктің тірегі. Отбасылық құндылықтарды сақтау мен дамытуды тек қана мемлекеттік бағдарламаларға сүйенбей, ұлтық мүддені биік қоятын әрбір жанұя, әрбір азамат өзінің парызы ретінде санауы керек. Әрбір отбасында өскен тәрбиелі, білімді ұрпағымыз еліміздің ертеңгі өмірінің қандай болатынының кепілі.

Ата Заңымыздың 83-1 бабы және «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы» конституциялық заңы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің құқықтық жағдайын және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

– Осы ретте адам құқықтары жөніндегі өкілдің қызметі мен міндеттеріне кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл -адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілді-

гін қамтамасыз ету мақсатында Конституцияда белгіленген талаптардың жүзеге асырылуын қатаң қадағалайтын лауазымды тұлға. Оның міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, ілгерілетуге ықпал ету болып табылады. Уәкіл өз қызметінде заңдылық, әділдік, бейтараптық, объективтілік, жариялылық, ашықтық, айқындық қағидаттарын басшылыққа алады. Атап айтқанда, Республика Президентіне, Парламентіне, Үкіметіне адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу, қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді. Сонымен қатар, Үкіметке және өзге де мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, өзге де ұйымдарға және лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылықтардың профилактикасына және қалпына келтіруге бағытталған шараларға қатысты ұсынымдар мен ұсыныстар түсіреді.

Бұған қоса азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты



ЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ REGIONAL MUSEUM OF LOCAL HISTORY



қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардың қызметін үйлестіреді. Жоғарыда аталған Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы шағымдарды қарайды.

– Отбасын қорғауға бағытталған заң нормаларынан да хабардар етсеңіз?

– Өткен жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарына қол қойды. Бұл заңдар отбасын қорғауға бағытталған. Атап айтқанда, Неке және Отбасы туралы кодекстің 2-бабына «Дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету туралы» толықтырулар енгізілді.

Заң балаларымызды педофилден қорғайды, енді бұндай қылмыс жасағандар өмір бойы түрмеге тоғытылады. Кішкентай балаларды өлтіргені үшін де дәл осылай жазаланатын болады. 16 жасқа дейінгі балаларға жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін 40 күнге қамауға алынатын

жаңа заң енгізілді. Түзетулер күшіне енген сәттен бастап балаларға жөнсіз қол тигізу, ұятсыз ұсыныстар білдіру және тағы басқалары жазасыз қалмайтын болады. Балалар мен олардың ата-аналары өз елінде өздерін қауіпсіз сезінуге тиіс.

Өз-өзіне қол жұмсауды насихаттағаны үшін қылмыстың жаңа құрамы енгізілді. Бұл шара пайда болған көптеген сайттарды, арналарды, чаттарды, суицидтік бағыттағы топтарды заң жүзінде бұғаттап қана қоймай, олардың ұйымдастырушыларының сыбайластарымен бірге бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеледі. Аталмыш өзгерістер, тұрмыстық зорлық–зомбылықты қылмыс деп тану мемлекеттің азаматтық қоғаммен бірлескен жеңісі деуге болады.

Осы ретте, Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институты мен мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ықпалдастық артып, жалпы құқық қорғаушылық саласындағы оң ілгерілеушілік байқалуда.

– Атырау облысының Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл кеңсесі қандай жұмыстар атқаруда?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жолдауында адам құқығын қорғау мәселесін саяси жаңғырумен қатар қойды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің кезекті отырысында Президент бұл жүйені одан әрі нығайту жөнінде айтып, нақты тапсырмалар жүктеді. 2024 жылы Уәкіл кеңсесі өз қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізді.



Өтініштер саны айтарлықтай өсті, бұл тұрғындар тарапынан сенімнің артқанын көрсетеді, келушілер саны да көбейіп, құқықтық ағарту жұмыстары жанданып, жүйелі жолға қойылды.

Өткен жылы азаматтардың құқықтарын қорғауда Уәкіл кеңсесіне 6,5 мыңнан астам өтініш түсті, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 11 пайызға артық. Өтініштер санының артуы азаматтардың Омбудсменді өз құқықтарын қорғаудың нақты тетігі ретінде қарайтынын көрсетеді. Өтініштерді қарау аясында 94 лауазымды тұлға тәртіптік, 5-еуі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Уәкіл өкілдерінің көмегімен 4 қылмыстық іс тіркелді.

Уәкіл мен оның өкілдері қызметінің тағы бір маңызды бөлігі – түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың құқықтарын қорғау. Сотталғандардан түскен шағымдардың басым бөлігі тұрмыс жағдайының көңіл көншітпейтіндігі, ме-

дициналық көмектің өз дәрежесінде көрсетілмеуі, мерзімінен бұрын босату және жазаны ауыстыру туралы өтініштерді қанағаттандырудан бас тартуға қатысты. Осы өтініштерге жауап ретінде Уәкіл мен оның өкілдері бас бостандығынан айыру орынындағы ұстау жағдайларына мониторинг жүргізді.

Жалпы, жыл бойына Уәкіл мен оның өкілдері 770 мекемені, оның ішінде қылмыстық-атқару мекемелерін, әлеуметтік нысандарды және білім беру ұйымдарын аралады. Нәтижесінде 1014 ұсыным беріліп, оның 81 пайызы қанағаттандырылды. Бұл мемлекеттік органдармен сындарлы өзара әрекеттестік пен олардың жауапкершілігінің артқанын көрсетеді. Омбудсмен Артур Ластаев соңғы екі жылда Үкімет пен мемлекеттік органдарға жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған онға жуық бастама көтерді. Олардың қатарында оқшауланған сотталғандардың жоғары білім алуына мүмкіндік беру, облыс орталықтарында көп бейінді колониялар салу, сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсарту және қақтығыс аймақтарынан оралған азаматтарды қоғамға бейімдеу мақсатында заңнамаға өзгертулер енгізу бар.

Еліміз бойынша адам құқықтары жөніндегі Уәкіл Артур Ластаевтың мәжбүрлеп некеге тұру мақсатында адамды ұрлау үшін жауапкершілікті белгілеу туралы бастамасы қазіргі уақытта қаралу сатысында. ҚР Қылмыстық кодексіне адамды некелесу мақсатында ұрлаған қылмыскерді өз еркімен босатқан жағдайда да оны қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін жоққа шығаратын арнайы бап енгізу арқылы жазаны қатаңдату ұсынылды. Көпсалалы колониялар салу мәселесі де қарастырылуда.

2018-2023 жылдар аралығында отбасылық-тұрмыстық салада 5958 қылмыстық құқық бұзушылық жасалған екен. Оның ең көп саны 2020 жылы – 1072, ең азы – 2023 жылы – 923 (13,8%-ға азайған) тіркелді. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарының өтініш берушіден әкімшілік істерді қозғаудың анықтау тәртібіне өтуіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың күрт өсуі байқалды. 2023 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты 66 мыңнан астам құқық бұзушылық тіркелді, бұл ретте өткен жылдары олардың саны 30-38 мың шамасында болған.

2015 жылдың қылмыстық көрсеткіші қоғам тарапынан қатаң сынға алынды, өйткені, қылмыстық-процестік заңнамамен қарастырылып отырған

ӨМІРДЕРЕК



Аманкелді АБДОЛОВ 1967 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз селосында дүниеге келді. Қарағанды Мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірді. Мамандығы бойынша заңгерлік өмір жолын Атырау облысының ауданаралық табиғат қорғау прокуратурасында прокурор көмекшілігінен бастады.

Бұдан кейін Атырау қаласы прокурорының көмекшісі, Махамбет, Балықшы ауданы прокурорларының аға көмекшісі, Атырау облыстық прокуратурасының бөлім прокуроры, Қызылқоға ауданының прокуроры, Исатай ауданының прокуроры, Атырау облысы прокурорының көмекшісі, Атырау облыстық Соттар Әкімшісінің орынбасары, Атырау облыстық Сот актілерін орындау Департаментінің басшысы қызметтерін атқарды.

2011 жылы 27 сәуірде берілген мемлекеттік лицензияның негізінде жеке сот орындаушысы, Атырау облысы жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасы Жеке сот орындаушылары республикалық Палатасы Төралқасының төрағасы болды.

2024 жылдың ақпан айынан бастап Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің Атырау облысы бойынша Өкілі, V-VII шақырылған Атырау облыстық мәслихатының депутаты. Заңдылықты, депутаттық этика мен құқық тәртібін сақтау комиссиясының төрағасы.

Жанұялы. «Аманат» Халықтық Демократиялық партиясының мүшесі.

Марапаттары – Құрмет Ордені, ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл, Қазақстан Конституциясына 20 жыл, Қазақстан Республикасы мәслихаттарына 20 жыл, Қазақстан Республикасы мәслихаттарына 25 жыл, Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің «Заң», «Әділет органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарының иегері.

Қазақстанның құрметті заңгері Аманкелді Аманиязұлы ҚР Президентінің алғыс хаттарымен, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Атырау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

әрекеттерді қылмыстық қудалау жеке жүргізілетін қылмыстар қатарына жатқызған. Яғни, жәбірленуші төбелестің кінәсі туралы дәлелдемелерді өз бетінше жинайды, арыз береді, сотта жеке айыптауды жүзеге асырады, т.б. Біздің ортақ күш-жігеріміз тек санкцияларды қатайтуға ғана емес, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларын болдырмауға және жоюға бағытталуы керек.

Қылмыстылық пен профилактикалық шараларды күшейту, сондай-ақ, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың дұрыс жұмыс істеуі отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмысты айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы қабылданғаннан бері 75 жыл өтті. Азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау мәселелері әлі де күн тәртібінде өткір тұр. Соңғы жылдардағы елеулі мәселелердің бірі отбасы және тұрмыстық қатынастардағы проблемалар болып табылады.

БҰҰ мәліметтері бойынша, әлемдегі 736 миллион әйелдің ішінде 15 жастан асқан әйелдің әрбір үштен бірі физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Жыл сайын 45 мыңнан астам әйел серіктестерінің қолынан қаза табады. Отбасы – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіптілігін елемеге болмайды, ол адамға зиян келтіру немесе өлім, жетімдік және балалардың жарақаттануы ғана емес, сонымен қатар, отбасы және әлеуметтік байланыстар институтын бұзу, жоғары құндылықтардың – адамның, оның өмірінің, денсаулығының және қол сұғылмаушылықтың құнсыздануы болып табылады. Отбасылық өмір әлеуметтік тәртіпке және сәйкесінше жалпы прогресс пен дамуға үлкен әсер етеді.

– Мемлекеттік отбасы саясатын жүргізудің мақсаты неде деп ойлайсыз?

– Мемлекеттік отбасы саясаты Қазақстанның әлеуметтік саясатының бір бөлігі. Оның мақсаты отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасылар мен олардың мүшелерінің физикалық, интеллектуалдық, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау, ана, әке және баланы қорғау. Мемлекет алдында тұрған

міндеттерді шешу үшін отбасы-тұрмыстық саладағы құқықтар мен бостандықтарға, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға қатерлерді азайтуға және профилактикалық және алдын алу шараларын әзірлеуге бағытталған зорлық-зомбылықтан қорғауға кепілдік беретін 50-ден астам құқықтық актілер қабылданды және алдағы уақытта да ол жалғасын табады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауаптылықты күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар қабылданды. 2023 жылы Қылмыстық кодекске (бұдан әрі – ҚК) материалдық немесе кінәліге өзге де тәуелділіктегі адамдардың денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін



біліктілік белгісін енгізуді көздейтін түзетулер күшіне енді (ҚК 106-бабы, ҚК 107-бабы). Бұл үй дебоширлерін қамаққа алуға мүмкіндік береді, өйткені, санкциялар күшейтілді. Сонымен қатар, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (бұдан әрі – ӘҚБтК) тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың арыз иесінен анықтау тәртібіне көшуді көздейтін түзетулер күшіне енді. Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі де алынып тасталды. Енді бұл сот процесінде бір рет қана рұқсат етіледі, бұл зардап шеккендерге психологиялық қысымның қатал тәжірибесін азайтады. Құқықтық, психологиялық және консультациялық

көмек көрсету үшін отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы іске қосылды.

Адам құқығына қатысты басты қағидаттардың бірі барлық адам өздерінің қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша еркін және тең болып туады. Ешкімді азаптауға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалауға болмайды.

– Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы туралы не айтар едіңіз?

– Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында алғаш рет баяндалған әмбебаптық, өзара тәуелділік және бөлінбеушілік, теңдік пен кемсітпеушілік, адам құқықтарының мемлекеттің оң және теріс міндеттемелерімен өзара байланысы сияқты негізгі қағидаттар адам құқықтары жөніндегі көптеген конвенцияларда, декларацияларда және қарарларда, басқа да халықаралық актілерде іске асырылды.

1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация жариялады. Онда 1) отбасындағы зорлық-зомбылық; 2) қоғамдағы зорлық-зомбылық; 3) мемлекет тарапынан немесе оған жол берген зорлық-зомбылық нысаны аталған. 1996 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнамалық базасын жетілдіру үшін БҰҰ ең төменгі халықаралық стандарттарды қамтитын Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы модельдік заңнама әзірледі. Онда отбасындағы зорлық-зомбылықтың негізгі нысандары, зардап шеккендердің арыз беру тетігі, құқықтары, құзыретті құрылымдардың міндеттері айқындалады, сондай-ақ, жәбірленушілерге шұғыл және жоспарлы көмек көрсету шаралары белгіленеді.

1998 жылы Қазақстан Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылды. Бұл мемлекеттерді қандай да бір адам тарапынан әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндеттейді. Мәселен, 2001 жылғы шілдеде Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау арқылы Қазақстан Конвенцияда баяндалған құқықтардың бұзылуы туралы шағымдарды қарау жөніндегі комитеттің құзыретін мойындады. Айта кетейік,

1992 жылы Комитет әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы № 19 жалпы ұсынымда Конвенцияның 1-бабында айқындалған әйелдерге қатысты кемсітушілік ұғымы гендерлік зорлық-зомбылықты да қамтитынын түсіндірді.

Комитет мемлекеттерге зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерді және зорлық-зомбылықтан аман қалған адамдарды, сондай-ақ, олардың отбасы мүшелерін қаржылық көмекке және тегін немесе арзан жоғары сапалы заң көмегіне, медициналық, психоәлеуметтік және консультациялық қызметтерге, білімге, сондай-ақ, қажет болған жағдайда әйелдерге, олардың балаларына, басқа отбасы мүшелеріне тиісті баспаналарға қол жеткізуге мүмкіндік беруді ұсынды.

Осыған байланысты Комитет мемлекеттерге әйелдерге гендерлік зорлық-зомбылық туралы хабарлауға мүмкіндік бермейтін немесе кедергі келтіретін, әйелдерді, оның ішінде үй қызметшісі ретінде жұмыс істейтін әйел еңбек мигранттарын осындай зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлаудан бас тартуға мәжбүрлейтін шектеулі иммиграциялық заңдарды, сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында қосарланған қамаққа алуға немесе зорлық жасады деп айыпталушыға қатысты ақтау үкімі шығарылған кезде әйелдерді қудалауға жол беретін заңдарды жою бойынша шаралар қабылдауға кеңес береді. Бұдан басқа, әр адамның физикалық және психикалық денсаулығының қол жеткізуге болатын ең жоғары деңгейіне құқығы жарияланды.

– Балаларды қорғау заңдылықтарына да тоқталсаңыз?

– Балалардың тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, оның ішінде психологиялық зорлық-зомбылыққа куә болуы, тіпті, көп жағдайда бірге құрбаны болуы жиі кездеседі. 1994 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялады және онда көзделген барлық құқықтарды қамтамасыз етуге міндеттенді. Атап айтқанда, қатысушы мемлекеттер баланың тәніне жасалатын немесе психологиялық түрдегі зорлық-зомбылықтың, қорлау немесе теріс қылықтардың барлық нысандарынан, қамқорлықтың жоқ болуынан немесе немқұрайды, дөрекі қараудан не болмаса пайдаланудан, ата-анасының, заңды қамқоршыларының немесе балаға қамқорлық жасаушы басқа адамның нәпсіқұмарлық қиянатынан қорғау мақсатында бар-



Халықтың алдында есеп беру қашанда жауапты

лық заңды, әкімшілік, әлеуметтік және ағартушы шараларын қабылдайды. (19-бап).

Халық денсаулығын жақсарту мақсатындағы арнайы бағдарламалар өз нәтижесін беруде. Мемлекет тарапынан көрсетілер көмек пен қолдаудың арқасында елімізде соңғы 10 жылда бала туу көрсеткіші 25 пайызға артқаны байқалды. Күн сайын елімізде 1000-нан астам сәби өмірге келеді. Бір жыл ішінде бұл көрсеткіш 400 мыңнан асып жығылады. Ал ана өлімі соңғы ширек ғасыр уақытта 4 есеге азайған. Демографиялық өсімді арттыру бойынша жұмыстар осы қарқынмен жалғасатын болса, елімізде 2050 жылға қарай халық саны 24 миллионнан асады. 2050 жылға қарай болжам бойынша Қазақстанда халық саны 24,5 млн адамды құрайды. Ана мен бала денсаулығы – демографиялық саясаттың негізгі көрсеткіші саналады.

Елімізде отбасы саясатын іске асыру үшін қажетті институционалдық база мен инфрақұрылым құрылып, отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында бірқатар шара қабылданып жатыр. Мәселен, өмірлік қиын жағдайға тап болған шаңырақтарға көмек көрсету үшін өңірлерде 68 отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. 2013 жыл Ұлттық отбасы күні бекітілді, он жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы ұйымдастырылып келеді. Әкелер институтын дамыту мақсатында 2012 жылдан бастап «Әкелер одағы» РҚБ қызметін жалғасты-

рып келеді. Мерекелер күнтізбесі «Әкелер» және «Аналар» күнімен толықтырылды. Отбасылық саясаттың басты мақсаты – өмірдің барлық сынағына тойтарыс бере алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерді қазақ ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, «тегіне тартқан» дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені, әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. «Бір бала бар әкеге жете туар, бір бала бар атадан өте туар, бір бала бар атадан кері кете туар» деген халқымызда дана сөз бар. Ал дұрыс тәрбие алған бала қоғамға пайдасын тигізетін азамат болып өседі.

Халықтың ізгі дәстүрі біздің асыл мұрамыз. Дана бабаларымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған озық әдет-ғұрыпты одан әрі жетілдіріп, жалғастыру ағайынды адастырмас сара жол. Мұны отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада ақсақалдар жастарға үйретіп, бағыт-бағдар сілтеп отырса, нұр үстіне нұр болмақ.

– Салихалы жауаптарыңызға ризашылығымызды білдіреміз

Сұхбаттасқан
Боранбай ҒАЛИЕВ,
Атырау облысы

МӘСКЕУ ИМПЕРАТОРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ ЖАНША ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ
ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ КАНДИДАТТЫҚ ЖҰМЫСЫ



**ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ КҮНДЕЛІКТІ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ
ОРГАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ СОТТАҒЫ НЕГІЗГІ
ҚАУЛЫЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУЫ
1910 ЖЫЛ**

«ҚЫРҒЫЗ – ҚАЗАҚ КҮНДЕЛІКТІ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ
ОРГАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ СОТТАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАУЛЫЛАРЫ МЕН
ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ МӘСКЕУ ИМПЕРАТОРЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ, ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ ЖАНША
ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ КАНДИДАТТЫҚ ЖҰМЫСЫ
1910 ЖЫЛЫ ЖАЗЫЛҒАН. БҰЛ ҚҰНДЫ ҚҰЖАТ 2024 ЖЫЛДЫҢ

**МАУСЫМЫНДАҒЫ «ЖЫМПИТЫ – МӘСКЕУ» ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ТАБЫСЫ САНАЛАДЫ. КАНДИДАТТЫҚ ЖҰМЫС
СЫРЫМ ДАТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТАРИХИ – ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ
ҚОР БӨЛІМІНЕ ТАБЫСТАЛЫП, КОЛЛЕКЦИЯЛАР ТІЗІМІНЕ АЛЫНДЫ.
МУЗЕЙ ҚОРЫНА ТАПСЫРҒАН ЭКСПЕДИЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ, СЫРЫМ
ДАТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ – ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ
А.ОЙШЫБАЙ. КАНДИДАТТЫҚ ЖҰМЫСТЫ АУДАРМА ЖАСАҒАН
ЭКСПЕДИЦИЯ МҮШЕСІ, СЫРЫМ ДАТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ – ТАРИХИ
ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ЭКСКУРСИЯ ЖЕТЕКШІСІ Т.ОТАРБАЕВ**

(Басы №6 санда)

Мұрагерлерге қандай да бір мүдделер бойынша қатысы жоқ кемінде екі куәгердің қатысуымен (кей жерлерде үш) жасалған өсиет заңды күші бар және дәл орындалды. Өсиетте куәлардың қолдары немесе жеке мөрлері болуы керек. Ол сау ақыл мен күшті жадымен құрастырылуы керек. Жеңіл ауру кезінде құрастырылған өзінің заңды күшін жоғалтады – ол ақыл-есі дұрыс емес деп есептеледі. Куәгерлердің жасы 22-ден төмен болмауы керек. Бұл талаптарды орындамау өсиеттің жарамсыз деп танылуына әкеп соғады. Егер өсиет жасалмаса немесе қалдырылмаса және әдет-ғұрып талаптарын қанағаттандырмаса онда мұра қалған бөлінбеген ұлдар мен ана арасында олардың өзара келісімі бойынша бөлінеді. Егер келісім жасалмаса, онда әрбір адамның үлесін құрметті ақсақалдар тағайындайды. Әйелі «маар» еншісін және бүкіл мұраның 1/8 бөлігін одан бөлек күйеуінің киіз үйін алады. Бір нұсқа бойынша, күйеуге шықпаған қыздар ұлдарымен бірдей мұрагер болады, есеппен 2 қыз 1 ұлға тең, яғни, әрқайсысы өз ағасының 1/2 үлесін алады. Басқа бір нұсқа бойынша қыздар мұрагерлікке мүлде қатыспайды. Ананың үлесін шегергеннен кейін қалған мұра бөлінбеген ұлдарға тең бөлінеді. Бөлек шыққан ұлдары мен тұрмысқа шыққан қыздары мұрагерлікке қатыспайды. Кәмелетке толмаған мұрагерлер үшін бейтарап және адал қорғаншылар тағайындалады, әдетте жақын туыстарының бірі. Қыздары ғана қалса, олар мұраның 2/3 бөлігін алады, ал 1/3 бөлігі марқұмның жеке шаруашылықтары бар аға-інілеріне беріледі. (Яғни, онымен бірге тұрмағандар, әйтпесе ол ұл ретінде мұрагер болады). Қайтыс болғаннан кейін мұрагер қалмаса, оның мүлкі ең жақын туыстарына өтеді.

Соңғысы болмаған жағдайда марқұмның руластарына тиеді.

Меншік иесі өз мүлкін қайтарып алуға (вендициялауға) құқылы. Мүлікті иемдену әдістері – бұрын ешкімге тиесілі емес заттарды сатып алу, сыйға тарту, иемдену. (Олар эвикция үшін келесі тәртіпте жауап береді: егер А-дан В-ға кезекпен өткен нәрсе, С, D және D үшінші тарап болып қалып қойған болса, онда D регрессивті талаппен С-ға, С тиісінше В-ға, ал, В тарапы А-ға шағымданады).

Міндеттемелер құқығымен байланысты гадаттар (гадат – ғадет, әдет) туралы нормалар жоқтың қасы. Бұл патриархалдық-тайпалық өмірмен, табиғи шаруашылықпен және көшпелілердің мұндай гадат нормаларына шектеулі қажеттіліктерімен түсіндіріледі.

Уәдесінде тұрмаған, сөзінде тұрмаған «Уағдесыз» айыппұлға салынбай, келтірілген шығынды өтеуге міндетті. «Алдау зулумдық, алдану ақмақтық» (обманывать подло, а быть обманутым глупо), «Абуірсіз болма, абуір сакта» (т.е не будь безсовестным, храни совесть, ибо для молодца стыд равносильен смерти), «Ер жигитдын уялғаны ольгены». Міне, қырғыздар арасындағы шарттық қатынастардың құқықтық моралі. Осымен мен қырғыз-қазақтардың әдет-ғұрып құқығын қарастыруды аяқтаймын және қырғыз гадатының көрсетілген негізгі принциптерін қолдану органы ретінде халық сотын көрсетуге көшемін. (об.пр)

*** Бұрынғы заманды сол кездегі соттар мен билерді сағынып қазіргі қырғыздар: «Халқымыз тыныш өмір сүрген заман, тәртіп орнаған заң мен әділдік болған, билер періштелер сияқты, даланы кезіп жақсылықты орнатып барлық жерде әділетсіздікті жойды...», – депті. (Левшин. «Опис. Кирг.-Кайс.Орд и ст»). Кімдер ол кезде сот болды?!

Билер. Дана шешен ауыл үлкендері мен ақсақалдары. Міне, бұл адамдарға халық өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы өздері жасаған тұжырымдаманы қорғауға тапсырды. Бұл қазылар көшпелі өмір салтын, қырғыз халқының әдет-ғұрпын, тілегін жақсы білетіндіктен, дауласушы тараптардың бірден-бір ара ағайыны болды. Билер – халық сүйген, тиісінше нақты сот билігі. Туындаған өмірлік мәселелерді шешу, халықты қоғамдық зұлымдықтар мен жеке құқық бұзушылықтардан қорғау үшін әртүрлі шараларды үйрету, ежелгі Рим заңгерлері сияқты билердің де басты рөлі болды. Өзінің құқығы бұзылды деп санаған адам құқық бұзушыға өз ісін қарау үшін баратын биді бірлесіп таңдауды талап етіп жүгінді. Әдет-ғұрып бойынша қырғыздар билерді таңдауда ешқандай шектеулермен шектелмейді, тіпті адам өлтіруді де тараптар таңдаған кез келген адам шеше алады. Екі ру арасындағы дауларда екі рудың өкілдері өз талаптарын шешу үшін бір биді сайлады. Оған сот отырысына тағы 6-7, ал кейде аса маңызды істерді қараған кезде, тіпті, онымен ынтымақтаса отырып, 20-ға дейін биді шақыруға рұқсат етілді. Мұндай билердің соты «жиылыс» деп аталды. «Жиылыстың» төрағасы әдетте сол отырысты шақырған би болды. Ертеде қырғыздардың өз хандары болған кезде, ерекше маңызы бар мәселелер, әртүрлі рулар мүдделі болған даулар, күпірлік, сұлтанды өлтіру мәселелерімен хандардың өздері айналысқан. Бұндай рәсім көбіне халық көп жиналған кезде, мереке немесе қонақ асы уақытында өткізілді.

Ханның өзі, оған бағынышты барлық сұлтандар, старшындар мен ру, ауыл билеушілері жылына бір рет даланың ортасына жиналып, халықтың мұң-мұқтажын, сот ісін талқылайды. Бұл халық жиналысының жыл сайынғы салтанатты қарапайым соты болды. Оған бүкіл орданы қызықтыратын, дала өмірінің көрнекті әсері болғанның бәрі қамтылды. Дәл қазіргідей, сол кездегі қарапайым дауларды таңдаулы жалғыз билер қарайтын. Қылмыс әрекеті куәлардың айғақтарымен және кепілгерлердің антымен куәландырылады. «Жеті жарғы» құқық бұзушылық фактісін дәлелдеу үшін кемінде екі куәгерді талап етеді. Куәгерлер болмаған жағдайда кепілгер куәгерлер әрекет етті. Соңғылары әдетте адалдығымен танымал адамдар болды, олардың сөздеріне толығымен сенді. Ант бергенде, олар айыпталушыға тағылған айыптың қолданылмағанын, егер айыпталушыны антпен босатпаса, ол сотталғанын айтты. Ол кездегі қырғыз сотында сот үкімін орындайтын орган болған жоқ. Егер жеңілген тарап сот үкімін орындамаса, жеңген тарап оны мәжбүрлеп, «баранта» (барымта – угон скота) шығарды.

Иеремия Бентам (ағылшын заңгері әрі философы) сот туралы «ең жақсы сот жақын тұрған сот екенін, таңертең сотқа барған азамат кешке дайын шешіммен үйіне оралған сот», – деген екен. Қырғыз соты дәл сондай сот болды. «Жеті Жарғының» барлық талаптарын сақтай отырып шығарылған сот шешімі апелляцияны да қажет етпейтіндей болды. Істің ашық өтуі, халықтың бақылауында болуы және сотталушының келісімімен судьялардың сайлануы үкімнің бейтараптығын қамтамасыз етті. Халықтың қиялында ертедегі сот тәртібі мен жүйесі осындай идеалды болып қалыптасып қалған.

Хандық биліктің құлауымен далада төрелік жасап, жазалауды әлі күнге дейін жүргізіп келе жатқан билер мен ақсақалдар ғана дала қазылары болды. Қырғыздардың сот процесі ашық, жария, күрделі емес және қысқа мерзімді. Процесс бәсеке түрінде. Сот процесіндегі бидің рөлі пассивті дерлік. Процеске қатысушылар – соттың иелері десе де болады. Билердің өздері ешқандай қосымша дәлел, заңды талаптар жинамайды, Дәлелдеуде куәгердің айғақтары басты рөл атқарады.

Сот отырысы көбіне ашық аспан астында өтті. Қырғыздарға сот отырысының процесі мерекелік жиын сияқты ұнады. Қай ауылда бидің төрағалығымен сот ісі болып жатырса, халық сол жерден табылатын. Бұл жерде құрметті адамдардың сөзі, ақиқат жаршыларының көмейінен ағып жатты. Мұнда қырғыз халқы өзінің ізденімпаз санасы мен жүрегінің сұрауынан сұрақтарын қойып, біраз ләззат алатын. Мұнда, жиын соңында, қылмыскердің туыстары жиналған халықтың көңілінен шығу үшін ас әзірлейді. Ал, далада қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша шақырылмаған адамдар қырғыздардың барлық той-томақтарына емін-еркін қатыса алатындықтан, туа біткен қызығу сезімі бар қырғыздар үшін жақын ауылда өзіне жақын, таныс дала өмірі сөз болып жатырғанда үйінде отыру қиын екені анық. Ауылдардың алыстығы қырғыздар үшін проблема емес еді. Жүйрік дала аттары ондаған верстыке лезде жеткізіп тастайды.

Барлық сот процесі алмакезек сөз тартысы түрінде өтті. Сот отырысының картинасы шамамен мынадай: сот отырысы өтетін орын киізбен, кілемдермен, түрлі түсті бұхар жабындарымен қапталып, төселген. Ол жерде жарты ай тәріздес болып билер мен төрағалар отырды (Би жалғыз болған жағдайда, ортада өзі отырды). Оларға қарама-қарсы бірінші қатарда талапкер мен жауапкер, ал олардан соң тараптардың туыстары мен куәгерлер отырды. Оларды жиналған халық қоршап отырды. Төраға қысқа сөзбен мәселенің

мәнін түсіндірді. Одан кейін ардақты ақсақалдардың бірі қос тарапқа қарап сөз сөйлеп, бір туған даланың перзенттерін талап-тілегін мейлінше ұстануға, кешірімді болуға шақырады, өйткені, адамдардың бір-біріне бағынуынсыз, ымырасыз. қырғыз халқының рулары арасындағы өзара дау-дамайды шешу мүмкін емес. Бұл сөздерден кейін тараптардың келісімі болмаса, онда сот процесі басталады. Алдымен талапкер сөйлейді. Ол өз талаптарын алға тартады және дәлелдейді, тергелетін оқиғаның куәгерлерін көрсетеді. Талапкерден кейін сөзді жауапкер алады, ол өзін қорғап, куәгерлерін атайды. Куәгерлерден жауап алынып, одан кейін бетпе-бет сөздерін алға тартып, содан кейін билер халық алдында шешім шығарады. Егер іс шиеленісіп, судьялар шындықты аша алмаса, айыпталушыдан туыстарының бірінің анты арқылы өзін тазартуды сұрайды. Егер ешкім жауапкердің кінәсіздігі туралы ант бермесе, онда талапкер өзінің туыстарының біріне немесе үшінші, бірақ, шыншыл адамға талаптың дұрыстығын дәлелдеуге немесе сендіруге қалдырылады. Егер соңғысы үшін ант беруші болса, онда сотталушы процесте жеңіледі. Қырғыздар айыптың сәйкессіздігі айыпталушыны босатады деген қағиданы білмейді. Демек, жауапкер үшін де, талапкер үшін де ешкім ант бермесе, содан кейін судьялар талаптың жартысын қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды, яғни, жауапкер талап арыздан өндірілген соманың 1/2 бөлігін төлеуге міндеттеледі. Бұл қырғызша (қазақша) – «жартылай бөлу» (половинное деление) немесе «қарындас болу» (родственное, братское деление) деп аталады.

Қырғыздар өз шешімдерінде ант беруге жиі жүгінетін билерді жақсы көрмейді. «Жаман төре жан алар» деген мәтел осыдан шыққан. (То есть «плохая судья, при решении дела назначает присягу»). Тек кәмелетке толған ер адамдар ант бере алады. Әйелдер мен балалар ант бермейді. Ант беруге құқығы бар адамдарды даулауға жол беріледі. Себептер заңды: жеке қорлауға негізделген дұшпандық немесе жақында болған өзара мүдделер дауы. Ант берушілер, әдетте, мұқият сұрау немесе басқа әдістер арқылы ант берген адамның кінәсіздігін анықтайды. Ол ант бұзуға ешқашан батылы бармайды, әйтпесе халықтың қаһарына ұшырайды.

Егер ант беруші ант берген адамның кінәлілігіне немесе кінәсіздігіне күмәнданса, онда ол оларды ымыраға апарып, талаптың жартысын қанағаттандырумен татуластыруға тырысады, сонымен бірге мынадай қулыққа барады: ол бір жағына ант беріп жатқанын айтып қорқытты,

ымыраға келмесе, ант береді, ал екіншісіне – ант беруден бас тартамын деп. Егер бұл айла іске аспаса, ант беруші шын кінәлі тарапқа ант беріп қалмау үшін талапты қырғыздар арасында «жан садаға» (выкуп души) деп аталатын өз мүлкінен қанағаттандырды. Яғни, анттан босату үшін төлем. Осылайша, талапкерге жауапкер тарапынан, ал жауапкер – талапкер тарапынан дәлелдемелік антын талап ету құқығын бере отырып, сот шешімінің шынайылығына қол жеткізді, өйткені, өтірік үшін көп ешкім ант бермейтін еді. Сот қаулысының әдеттегі түрі мынадай: Анау-мынау рудағы дауласушы туыстарының біріне ант беру. Егер туысы ант берсе, сотталушыны ақтайды. Егер ол қабылдмаса, шағымдар жиналады.

Халықтық соттың шешімі міндетті болып табылады. Үкімнің бейтараптығы сотталушының келісімімен судьяның немесе судьялардың таңдауымен және судьялар өте жоғары бағалайтын халық пікірін бақылаумен қамтамасыз етіледі. Осы айтылғандардың бәріне қарағанда, қырғыз халық соты, негізінен, маңыздырақ істерді алқалы, ал маңызды емес істерді жеке-дара шешетін арбитраждық сот болғаны анық.

Ақсақалдар мен билердің халық соты осындай болған. Ресей әкімшілігі «Дала ережесінің» ережелері бойынша бекіткен және мен сипаттайын деп отырған халық судьялары деп аталатын билер емес, сотқа қатысушылардың өздері сайлаған таза, нағыз халық билері.

Қырғыздар 1737 жылы Ресей билігіне өтсе де, 1868 жылға дейін ішкі басқаруда өз еркімен қалды. 1868 жылы «Дала облыстарын басқару туралы уақытша ереже» жарияланды, ол кейінгі заңдармен қайта өңделген түрде, енді 1891 жылы 25 наурызда «Дала ережелері» деген атпен жарияланды. Осы Ереженің 101-бабында былай делінген: «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарындағы халық соты Түркістан өлкесінің сот құрылымы туралы ереже негізінде құрылады және жұмыс істейді». «Түркістан өлкесін басқару туралы 1886 жылғы 12 маусымдағы Ереженің» сот құрылымы туралы бөлімі «Дала ережелерінің» соңына қосымша ретінде орналастырылған. (Св.Зак. т. II ч. II)

Осы арыздар бойынша қырғыз халқына өз құзырындағы істерді қолданыстағы әдет-ғұрып негізінде шешетін халық сотының болуына мүмкіндік берілген. (ст. 208 «Тур.Пол»). Халық судьялары халықтың таңдауы бойынша 3 жылға тағайындалады. (221 ст. там же) Халық билерінің санын болыс пен әр ауылдық қоғамда бірден артық би болмайтындай етіп, сайлау алдында облыстық алқалар белгілейді. (Ст. 112 – Ст.Пол.)

Көшпелілердің шашыраңқы табиғаты мен даласының кеңдігін ескере отырып, халықты жақын сотпен қамтамасыз етуді қалайтындықтан, ережені әзірлеушілер әр ауыл қоғамында халық билерін тағайындауды тиімді деп санады. Демек, болыстағы билердің саны оған кіретін ауылдық қоғамдар санына сәйкес келеді. («Дала Ережесіне» түсіндірме)

Халық билерін сайлау болыстық басқарушы сияқты жүзеге асырылады, яғни 50 түтіннен тұратын әрбір ауылдық қоғам бір сенімді өкілді сайлайды. Болыстағы барлық қамқоршылар болыстың әрбір ауылдық қоғамына билерді қарапайым көпшілік дауыспен сайлайды. (Ст. 76 «Ст.Пол»)

Судьяны бекіту губернаторға байланысты, егер сайланған кандидаттар бекітілмесе, жаңа сайлауды тағайындайды. (Ст. 140 П.)

Халықтың құрметі мен сеніміне ие болған, соттың үкімімен жеті тәулікке қамауға немесе 30 рубль айыппұл төлемеген, тергеуде немесе сотта болмаған, жазасын өтеген кез келген болыстың 35 жасқа толған тұрғыны халық судьясы болып сайлана алады.

Ресейлік оқу орындарының бірінде курсты бітірген адамдар 25 жасқа толған кезде сайлауға қатыса алады. «Дала ережесінің» осы 113-бабының міндеттері қоғам сайлаған адамдарды судьялық қызметке бекітпеуге жеке қалауы бойынша толық құқық беретін келесі 114-баппен толығымен жойылады.

Көбінесе губернаторлар уезд және шаруа басшыларының қалтасын «ресейлік қағазбен» толтырған адамдар судья болғанша жаңа сайлауды тағайындайды.

Мына қылмыстар халық сотының құзырынан толығымен алынып, жалпы сотқа жүктелді: Христиан дініне қарсы, мемлекеттік қылмыстар, басқару тәртібіне қарсы, мемлекеттік және қоғамдық қызметте, мемлекеттік және земстволық міндеттер туралы қаулыға қарсы, қазынашылықтың мүлкі мен кірістері, қоғамдық абаттандыруға және әдептілікке, карантиндік тәртіпті бұзуға, жұқпалы және жабысқақ ауруларға қарсы ережелерді бұзуға, жануарлардың өлімі кезінде белгіленген ережелерді бұзуға, қоғамдық тыныштық пен тәртіпке қарсы, Империяның жалпы заңдары бойынша қаралған істер бойынша жауыз бандалар құру және сот жүргізу, жалған айыптау және жалған куәлік беру, қашқындарды жасыру, телеграфтар мен жолдарды бүлдіру, заңдар мен мемлекеттерге қарсы, өмірге, денсаулыққа, бостандық пен ар-намысқа, зардаптары өлімге, зорлауға, заңсыз ұстауға және бас бостандығынан айыруға әкелген кісі өлтіруге, жаракаттауға және ұрып-соғуға, бөтеннің жылжымай-

тын мүлкін күштеп тартып алуға және шекаралық сызықтар мен белгілерді бұзуға, өртеу және жалпы алғанда бөтеннің мүлкін қасақана жою, тонау және баукеспелік, мемлекеттік мүлікті ұрлау және ресейлік құжаттарды қолдан жасау.

Бұдан бөлек халық соты орыстарға қарсы немесе орыс халқының ішінде жасалған қылмыстар мен теріс қылықтарды және жеке халық соттары бар әртүрлі ұлт өкілдерінің арасындағы істерді қарауға жатпайды.

Қырғыздар мен басқа ұлттар арасындағы азаматтық даулар мен талаптарды және Ресей билігінің қатысуымен жасалған әрекеттерге негізделген талап қою істерін магистранттар мен жалпы соттар шығарады. (Ст. 141-143 «Турк.Пол».)

Қырғыздар мен басқа ұлттар арасындағы азаматтық талаптарды дауласушы тараптардың келісімі бойынша халық соты қарай алады, бірақ, кейін тараптар сол іс бойынша жалпы сотқа шағымдану құқығынан айырылады. (Ст.120 там же). Жалпы соттардың юрисдикциясына қырғыздардың лауазымды адамдары жасаған қылмыстар мен теріс қылықтар да жатады. (Ст. 109 «Ст.Пол».)

Қырғыздар арасындағы қалған істерді халық соты қарайды. 30 рубльге дейінгі талаптарды бір судья қарайды, оның шешімі шағымдануға жатпайды. (Ст. 233 «Тур.Пол».)

Сол болыстың қырғыздары арасындағы 30 сомнан астам сомаға талаптарды шаруа басшылары мен болыс басқарушысы алдын ала белгілеген уақытта шақыратын болыс билерінің съезі қарайды. Болыс меңгерушісі съезд өтетін жердегі тәртіпті қадағалайды, ал билер өз арасынан істі қарау тәртібін басқаратын төраға сайлайды.

Съезд кемінде үш судья қатысқан жағдайда заңды және негізді болып табылады. Төраға съезд қаулыларының кітапқа енгізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Сотталушыларды съездерге жеткізу ауыл старшынының міндеті. (Ст. 238, 239, 242 «Тур.Пол»)

Әр түрлі уездік немесе болыс қырғыздарының істерін шешу үшін губернатордың бұйрығымен шаруа басшылары халық билерінің кезектен тыс съездерін шақырады. Съезде дауласушылар қарайтын әр болыстан кемінде бір би бар. Кезектен тыс съездер әр шаруа басшысының учаскесінде жылына кемінде бір рет өтеді. Кезектен тыс съезде билерді шаруа бастығы тағайындайды. Съезге съезд шақырылған учаскенің шаруа басшысы қатысады. Төрағаны таңдау және оның құқықтары мен міндеттері болыс съезінің тәртібімен сәйкес келуі керек.

Съезге себепсіз келмеген халық судьяларына 10 рубль көлемінде айыппұл салынды. Халық соты



фото: kazgazeta.kz

Жаһанша Досмұхамедұлы, Зайра Колосовская-Досмұхамедова, Танзила Ғаббасқызы, Ғаббас Досмұхамедұлы. Жымпиты. 1920 жыл

жеке де, съездер де ашық, жария түрде жүзеге асырылады.

Халық сотының шешімін болыс басқарушылары мен ауыл старшындары шаруа көсемдерінің бақылауымен орындайды. (Ст. 247, 248, 250, 251. «Тур. Пол»)

Белгіленген ережелер бұзылмаса төтенше съезд шешімі шағымдануға жатпайды. Егер іс халық судьяларының съезіне берілген өкілеттіктерді айқын асыра отырып, қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сай емес шешілсе, шаруа бастығы съезд шешіміне прокурор арқылы аумақтық сотқа шағымдануға құқылы. Тікелей Санкт-Петербургтен тағайындалған, далада ешқашан болып көрмеген шаруа басшылары көп жағдайда әдет-ғұрып құқығының кем дегенде бір жазбаша кодексі болмаған жағдайда, халық сотының шешімінің заң нормаларына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін тексере алмайды. Сондықтан, съезд шешіміне шағымдану өте сирек.

Үкіметпен құрылған халық сотының сипаты осы. Осы съездердегі сот отырыстарында іс қалай талданады?, – деп менен сұрап жатады. 246-бапта халық соты ашық, жария түрде жүргізілетіні

айтылғанымен, шын мәнінде бұл съездерде сот ісі жүргізілмейді, сот шешімін сатып алу жүзеге асады. Алдын ала судьялар талапкер және жауапкермен сөйлесіп, отырысқа судьяларды көбірек сатып алған тараптың пайдасына шешім жазу үшін ғана келеді. Бұл асыра айту емес, бұл факт, ащы болса да шындық. Мен мұндай ондаған съездерде болып, өз көзіммен көрген болатынмын. Шаруа бастығы үстел басында тұрғанда, тараптар мен куәгерлер формальды түрде сұралады. Ал ол болмаған кезде тараптарды сұрамай, тікелей шешім жаза салатын.

*** Гимназияның 6 класында оқып жүргенде жеке жұмыстарыммен жолым түсіп осындай бір съезге барған болатынмын. Сол кезде менің 3 атым қолды болды. Ал мәселені осы съезде шешу керек болды. Менің ісімді қарауды судьялар түскі үзілістен кейін жоспарлағанын білдім. Осы кезде менің достарымның бірі жүгіріп келіп, менің жылқыларымды ұрлаған ұрылар өз айыбын алып үлгергенін және менің келмеуімді пайдаланып, судьялар жауапсыз, сараптамасыз, менің ісім бойынша дәлелді шешім қабылдамақшы екенін айтады. Мен сот

отырысы өтіп жатқан болыс үкіметіне жүгіріп барып, төрағадан менің ісім жақында келе ме деп сұрадым. «Құрметті» төрешілердің пікірінше, жылқы ұрлағандар менің жылқыларымды ұрлауға қатыспаған деп шешім жаза бастағанын маған қысылыңқырап хабарлады. Мен шаруа бастықтың үстінен шағым түсіремін және ол арқылы оларды Ресей сотында анық қате шешім шығарып әрі пара алғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартамын деп қатты қорқытқанда ғана олар іске кірісіп, сот қаулысын менің пайдама шешті.

Үкімет ұйымдастырған қазіргі халық сотына қарасак, қырғыздардың ойы мен мұраты өткенге бет бұрады. Қырғыздар Ресейдің үстемдігі болмаған, қатал, дана, адал, мінсіз, гадат тағайындайтын билердің барлығының көзінше қарапайым ашық сот ісін жүргізетін сол бір ылғалды заманды аңсап, күрсінеді. (Обыч.прав.) Бұл еуропалық державалардың қарамағында 200 жыл толғаннан кейінгі жағдай! Жамандықтың тамыры неде? Бір кездері ыңғайлы ұйымдастырылған, бұзылмаған халық сотында паракорлық қалай орын тапты? Бұл сұраққа бір ғана жауап бар: орыс әкімшілігінің далада кең етек алған паракорлығы мен жемқорлығы – қырғыз халық билері мен қырғыз билігі үшін жұқпалы еліктіргіш үлгі болды.

Тынышпаев «Рассвет» (30 апрель 1905 г. №46) газетінде «пара алу мен бопсалау, әлсіздерді өрескел қорлау, дала өлкесінің ұсақ-түйек әкімшілігінің істеп жүргені осы» деп өте дұрыс жазған.

Ресейдің ескі тәртібі кезінде (қазіргі де) «шешім заңдармен» басым болды: заңдылық мүдделері мақсаттылық мүдделеріне құрбан болды, әрқашан толық билікке ие билеушілердің субъективті көзқарастарымен боялды. Заң еленбеді әрі жергілікті билік органдарының түрлеріне және олардың ыңғайына қарай өзгертілді. Жергілікті органның басына қойылған адамның көзқарасы үшін жалпының көзқарасы құрбан болып жатты.

Бірнеше жыл бойы далалық шөлді басқаруға, оның жекелеген бөлігін игеруге моральдық біліктілігі өте төмен адамдар жиі тағайындалды. Соңғылары өздерінің атқарған лауазымына табыс көзі ретінде қарап, бергеннің бәрінен пара ала берді. Тікелей аукцион тағайындап, болыс меңгерушісі, халық билері, ауыл старшындары қызметтерін өздеріне ең көп пара ұсынғандарға аукционға өткізіп жіберген осындай уездік басшылар даланың есінде. Уездік және шаруа басшылары бұл лауазымдарды сата алатын еді, өйткені, «Дала ережесінің» 70 және 114-баптары губернаторларға халық сайлаған кандидаттарды бекітпеуге, қажет болған жағдайда бұл лауазымдарға өз қалауы бойынша

адамдарды тағайындауға құқық береді. Институттың енгізілуімен шаруа басшылары сайланған кандидаттарға «түкіріп» қарап, губернаторға өзінің адамдарын ұсынып жүретін. Ал губернаторлардың уездік басшылармен келіспейтін кездері сирек еді. Өйткені, губернатор уезд бен шаруа басшыларын аймақты жақсы білетін, өзінің жауапты адамы ретінде көретін еді. Мәселен, осыдан бірнеше жыл бұрын Орал облысында болыс және халық билерінің сайлауында бір уезд бастығы бәсекелес партиялардың өкілдерін шақырып алып, «Сіздердің қарсыластарыңыз маған осындай ұсыныс жасап жатыр, маған олардан көп бере аласыңдар ма? Көп болса, мен сіздің кандидатыңызды өткіземін», – деп тікелей айтқан болатын. Бұл «атақтының» кезіндегі сайлауға қатысушылардың айтуынша, бір болыстың басшысының орны 10 000 рубльге сатылды. Ақыры шектен шығып, ашкөздігі үшін жауапқа тартылған көрінеді.

Бұл атақты қымбатқа сатып алған халық судьялары, әрине, жұмсаған ақшасының қарымын қайтаруға ұмтылды. Осылайша паракорлық бір кездері қатал, адал халық сотына еніп кетті. Қазіргі қырғыз соты сот төрелігінің ең қарапайым талаптарын қанағаттандырмайды. Бұл жерде ондай жок, тіпті, сот та жок, тек сот шешімін сататын базар бар. Қырғыз халық сотын руханиландырудың амалын да білмейміз. Бұрынғы берік және таза қағидалар бойынша сот ісін толық және күшті қалпына келтіру мүмкін емес. Шын мәнінде, өзен қайта ағып кетпейді, өлі тірілмейді, сөнген жанбайды. Демек, бір ғана жол бар – бұл сотты жойып, оның орнына жаңасын салу. Қандай түрі? Біздің ойымызша, сот төрелігін мемлекетпен тең дәрежеде халыққа түсінікті ана тілінде, жалпы заңдарды және «гадаттарды» басшылыққа ала отырып жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сайланбалы бітімгершілік соттар институтын енгізу өте орынды болар еді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру далалық облыстарда земстволық мекемелерді енгізу арқылы ғана мүмкін болады. Бұл елді генерал-губернаторлар әкімшілігінен гөрі орталық Ресейге жақынатады деп сенеміз. Земство мекемелері халыққа ең жақын, сонымен қатар, жергілікті игіліктер мен қажеттіліктерді басты назарда ұстайтын орган болады. Сонда дала халықтары мемлекеттік биліктің елдің мүдделерін, олардың жақсаруы мен әл-ауқатын ойлайтынын түсінеді. Бұл ойларды бізге Ресейдің ішкі аймақтарынан далалық аймақтарға көшіп келушілер толқыны әкелді.

Джанша ДОСМУХАМЕДОВ
Москва. 1910 жыл, 10 наурыз

ВЕКТОР РАЗВИТИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



СОВРЕМЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ПЕРЕЖИВАЕТ ПЕРИОД КАРДИНАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЕМ ПОДХОДОВ К ОБУЧЕНИЮ И ВОСПИТАНИЮ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ. ОДНИМ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ ФАКТОРОВ ЭТОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ЯВЛЯЕТСЯ РАЗВИТИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ, КОТОРОЕ НЕ ТОЛЬКО ИЗМЕНЯЕТ МЕТОДЫ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ, ИМЕЮЩИМИ ОСОБЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПОТРЕБНОСТИ, НО И КАРДИНАЛЬНО ПЕРЕСМАТРИВАЕТ ФИЛОСОФИЮ ОБРАЗОВАНИЯ В ЦЕЛОМ.

Инклюзивное образование представляет собой процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в том числе и для детей с особыми потребностями. Это не просто интеграция особенных детей в обычные классы, а создание образовательной среды, которая приспосабливается к потребностям каждого ученика, независимо от его физических, интеллектуальных, социальных, эмоциональных или других особенностей.

Инклюзивное образование базируется на фундаментальных принципах равенства, справедливости и уважения человеческого достоинства. В основе инклюзивного подхода лежит понимание того, что все дети имеют право на качественное образование, независимо от их индивидуальных особенностей и потребностей.

Теоретическую основу инклюзивного образования составляют несколько ключевых концепций. Во-первых, это социальная модель инвалидности, которая рассматривает ограничения не как личную проблему человека, а как результат барьеров, создаваемых обществом. Во-вторых, концепция «образования для всех», провозглашенная ЮНЕСКО, которая подчеркивает необходимость создания образовательных систем, способных адаптироваться к разнообразию учащихся.

Основными принципами инклюзивного образования являются:

- принцип равенства возможностей предполагает, что все дети должны иметь равные возможности для получения качественного образования, независимо от их индивидуальных особенностей;

- принцип индивидуализации заключается в создании образовательных программ, учитывающих уникальные потребности каждого ребенка;

- принцип социальной интеграции направлен на формирование инклюзивного общества, где каждый человек может полноценно участвовать в социальной жизни;

- принцип командной работы подразумевает сотрудничество всех участников образовательного процесса: педагогов, специалистов, родителей и самих учащихся.

Внедрение инклюзивного образования кардинально меняет традиционные педагогические подходы. Учителя вынуждены пересматривать методы преподавания, переходя от единого для всех подхода к дифференцированному и индивидуализированному обучению. Это требует развития новых компетенций педагогов, включая умение работать с разнообразием, адаптировать учебные материалы и создавать поддерживающую образовательную среду.

Инклюзивное образование способствует развитию личностно-ориентированного подхода в обучении. Педагоги учатся видеть в каждом ребенке уникальную личность с собственными способностями и потенциалом, а не сосредотачиваться на дефицитах и ограничениях. Это приводит к изменению всей системы оценивания: от сравнения учащихся друг с другом к оценке индивидуального прогресса каждого ребенка.

Инклюзивное образование стимулирует пересмотр традиционных учебных программ и методов оценивания. Образовательные программы становятся более гибкими и адаптивными, предусматривая различные уровни сложности и способы освоения материала. Разрабатываются индивидуальные образовательные маршруты, которые учитывают особенности развития каждого ребенка. Методы оценивания также претерпевают значительные из-

менения. Традиционная система оценок дополняется портфолио, проектными работами, самооценкой и взаимооценкой. Акцент смещается с контроля знаний на мониторинг образовательного прогресса и развития компетенций.

Одним из наиболее значимых эффектов инклюзивного образования является его влияние на формирование толерантного и инклюзивного общества. Дети, обучающиеся в инклюзивной среде, с раннего возраста учатся принимать различия, развивают эмпатию и социальные навыки. Они растут с пониманием того, что разнообразие является нормой, а не исключением. Исследования показывают, что учащиеся обычных школ, которые обучаются вместе с детьми с особыми потребностями, демонстрируют более высокий уровень социальной компетентности, толерантности и готовности к помощи другим. Это создает основу для формирования более справедливого и инклюзивного общества в будущем. Современные технологии открывают новые возможности для развития инклюзивного образования. Ассистивные технологии, такие, как программы чтения с экрана, системы альтернативной коммуникации, адаптированные компьютерные интерфейсы, позволяют детям с различными ограничениями полноценно участвовать в образовательном процессе. Развиваются также новые педагогические подходы, такие, как универсальный дизайн обучения, который предполагает создание образовательных материалов и методов, доступных для всех учащихся с самого начала, без необходимости последующей адаптации.

Инклюзивное образование играет ключевую роль в трансформации современной образовательной системы, выходя далеко за рамки простой интеграции детей с особыми потребностями в обычные классы. Оно кардинально меняет философию образования, делая ее более гуманной, справедли-

вой и эффективной для всех учащихся. Влияние инклюзивного образования проявляется на всех уровнях: от изменения педагогических подходов и методов обучения до трансформации социальных установок и формирования более толерантного общества. Несмотря на существующие вызовы и барьеры, связанные с ресурсными ограничениями, недостаточной подготовкой кадров и социальными предрассудками, развитие инклюзивного образования является необратимым процессом. Успешная реализация инклюзивного образования требует комплексного подхода, включающего изменения в законодательстве, педагогической практике, социальных установках и технологическом обеспечении. Только при условии системных изменений и координированных усилий всех заинтересованных сторон можно достичь цели создания действительно инклюзивной образовательной системы.

Перспективы развития инклюзивного образования связаны с дальнейшим совершенствованием технологий, развитием новых педагогических подходов и формированием глобальной культуры инклюзии. Это потребует продолжения исследований, обмена лучшими практиками и постоянного совершенствования образовательных систем в ответ на изменяющиеся потребности общества.

Инклюзивное образование не является конечной целью, а представляет собой непрерывный процесс развития и совершенствования образовательной системы. Его успешная реализация будет способствовать созданию более справедливого, толерантного и гармоничного общества, где каждый человек может полноценно реализовать свой потенциал.

Ж. НУРМАХАНОВА,
*старший преподаватель, магистр
Казахского Национального Аграрного
Исследовательского Университета*

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Аванесова, Н. С. Инклюзивное образование: теория и практика. – М.: Академия, 2020.
2. Ахметова А. Б. Инклюзивное образование в Казахстане: проблемы и перспективы развития // Педагогика и психология. – 2022. – №2 (51). – С. 35-41.
3. Баймуратова, Ж. Т. Формирование инклюзивной образовательной среды в Республике Казахстан // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». – 2023. – №1 (77). – С. 112-118.
4. Сагиева, Р. А. Социальная инклюзия как приоритет образовательной политики Казахстана // Современное образование Казахстана. – 2022. – №3 (68). – С. 10-15.

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ БЕРЕРІ МОЛ

ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІ (МЖӘ) ДАМУҒА БАРЫНША КӨҢІЛ БӨЛІНГЕН. ӨЙТКЕНІ, БҰЛ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДА АЙРЫҚША МАҢЫЗҒА ИЕ. РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕР ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 1,2 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ БОЛАТЫН 789 ЖОБАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАНЫН КӨРСЕТІП ОТЫР. МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ҰҒЫМЫН ТҮСІНДІРІП ӨТСЕК, БІР ТАРАП – МЕМЛЕКЕТ, ЕКІНШІ ТАРАП – ЖЕКЕ АДАМ. ОСЫ ЕКЕУІ БІРІГІП, БЕЛГІЛІ БІР ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАДЫ. БҰЛ ТҰРҒЫДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕМЛЕКЕТ ПЕН ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ТИЕСІЛІ, ЕКІ ТАРАПТЫҢ ҚАЙСЫСЫ ТӘУЕКЕЛДЕ БАСЫМДЫҚ ТАНЫТСА, ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МІНДЕТІН ӨЗІНЕ АЛАДЫ.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауында «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу қажет. Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекешелік әріптестік тәсілімен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын» деп, МЖӘ аясындағы жобалардың сапасына қатысты арнайы тапсырма берген болатын.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт жасасу тек конкурстық негізде жүргізіледі, яғни, бұл ретте веб-портал іске қосылған. Осы арқылы адами факторға шектеу қойылған. Цифрландыру өз кезегінде конкурстық үдерістерді жеңілдетіп, ашықтықты қамтамасыз етеді. Ең бастысы, мемлекеттік сатып алуды айналып өтуге, жемқорлыққа жол бермейді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды іске асырудың міндетті талаптары бар. Ел Үкіметі бекіткен 2024-2028 жылдарға арналған МЖӘ дамы-

тудың кешенді жоспарында білім беру, денсаулық сақтау, спорт және әлеуметтік қорғау салаларындағы 43 жоба қамтылған.

Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығының мәліметінше, 19 жыл ішінде елімізде жалпы 2,6 трлн теңгеге 1100-ден астам келісімшарт жасалған. Жоғарыда айтқанымыздай, олар білім беру, денсаулық сақтау, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларына бағытталған. Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және инвестициялық тартымдылықты арттыру МЖӘ-нің басты мақсаты саналады. Тағы да ресми деректерге жүгінсек, жобаларды жүзеге асырудан Түркістан, Шығыс Қазақстан және Атырау облыстары көш басында тұр.

МЖӘ аясында «Балапан» бағдарламасы қарқынды жүзеге асырылды, көптеген жаңа балабақшалар ашылды. Яғни, балабақшаға деген қажеттілік осы МЖӘ арқылы тиімді шешілгенін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сонымен қатар, ауылдарда дәрігерлік амбулаториялар салынып, білім беру ұйымдарының асханалары жаңартылды. Қалалық жерлерде ойын



аандары салынып, көпқабатты үйлердің аулалары абаттандырылды. Аталған әріптестік аясында бұдан да ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр деуге толық негіз бар. Оған Түркістанда әуежай, Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата әуежайында жаңадан жолаушылар терминалы салынғаны дәлел.

Бұған қоса Астанада мүмкіндігі шектеулі жандар үшін Паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан» мұз аренасы жеті жылға есептелген МЖӘ жобасымен іске асырылып жатыр. Сонымен бірге Елорданың білім беру саласында 9 МЖӘ шарты жасалған. Атап айтсақ, 360 орындық балабақша, 12 мың оқушыға арналған 6 жалпы білім беретін мектеп, студенттік жатақхана салу және Гуманитарлық колледжді сенімгерлік басқаруға беру жоспарлары бар. Өңір саясатын жүргізетін негізгі тетіктердің бірі мемлекеттік-жекешелік әріптестік десек, Түркістан аймағында соңғы жеті жылда 240 жобаға келісімшарт жасалған. Нәтижесінде кәсіпкерлер 247 млрд 300 млн теңгеге мемлекеттік міндеттеме алған.

Елімізде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жүзеге асыруға отандық кәсіпкерлермен бірге шетелдік компаниялар да қатысуда. МЖӘ-нің артықшылығы жеке кәсіпкер өзі бастама көтеріп, жобаны ұсынады. Яғни, кәсіпкердің өзі қызыққан жобаны дайындап, оны мемлекетпен бірлесе отырып жүзеге асыруға толық мүмкіндігі бар.

ҚР ҰЭМ Инвестициялық саясат және қаржы секторын дамыту департаменті тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыс мемлекеттік-жекешелік

әріптестік құралының тиімділігін арттырумен қатар, инвестиция тартуды одан әрі ынталандыру мақсатын көздейді. Сондай-ақ, рәсімдерді оңтайландыру, үлгілік құжаттаманы қолдану арқылы жүзеге асырылатын бағдарламалық МЖӘ жобаларды жоспарлау, сараптама жүргізуге кететін мемлекеттік шығындарды қысқарту қарастырылған. Яғни, бағдарламалық МЖӘ шеңберінде салалық орталық мемлекеттік органдар МЖӘ жобаларының базалық параметрлерін өз бетінше айқындап, жеке серіктесті таңдау мен МЖӘ шартына қол қою қағидаларын өздері бекітеді. Бұған қоса салалық ерекшеліктерді ескеру арқылы конкурс өткізуге арналған үлгілік құжаттардың дайын пакетін қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік ел экономикасын дамытудағы маңызды құрал болғандықтан, стратегиялық салаларға инвестиция тартудың мүмкіндігін арттырады. Сондықтан, халық игілігі үшін мемлекет пен бизнестің, қоғамның бірлесе отырып пайда әкелуге жұмылуы өте маңызды. Барлық уақытта республикамыздың жарқын болашағы, табысты болуы үшін МЖӘ тетіктерін үздіксіз жетілдіріп, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау, сол арқылы пайда әкелетін жобаларды жүзеге асыру шаралары жалғаса берері анық.

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист

ОНЛАЙН ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Салтанат МЕҢЛІБЕК,
*Қарасай аудандық
сотының судьясы
Алматы облысы*

**СОТТАРДЫҢ ҚАҒАЗ ТҮРІНДЕГІ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫНАН
БАС ТАРТЫП, ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕХНОЛОГИЯҒА КӨШУ
МӘСЕЛЕСІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СУДЬЯЛАР
ОДАҒЫНЫҢ V СЪЕЗІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН БОЛАТЫН. АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚАЗІРГІ ТАҢДА СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ БАСТЫ
ЕРЕКШЕЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ.**

«Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасының аясында қолға алынған «SMART-сот» жобасының шеңберінде «Виртуалды сот» пилоттық жобасы іске қосылды. Нәтижесінде, автоматтандырылған электронды сот өндірісі қолға алынды. Бұл пандемия кезінде соттардың процестерді қашықтықтан өткізуге бірден көшуіне мүмкіндік берді. Тұлғалар соттарға талап қоюлар мен

өтініштерін электронды түрде беріп, оның барысын үйде отырып немесе жұмысында бақылайтын деңгейге жетті. Денсаулық жағдайына, сондай-ақ, басқа да себептерге байланысты сотқа келе алмайтындар процеске қашықтықтан қатысады.

Бейне-конференцбайланыстың көмегімен азаматтар тек Қазақстан аумағында емес, дүние жүзінің барлық түкпірінен сот залына тікелей қо-

сылу мүмкіндігіне ие болады. Мобильді қосымшаның бұл кереметі үлкен жетістік саналады. Онлайн процестердің офлайн сот отырыстарынан айырмашылығы жоқ. Екеуінде де тараптардың пікірлері бірдей тыңдалып, құқықтары мен бостандығы, заңды мүдделері бірдей қорғалады. Онлайн процеске қатысатындар Zoom, Whatsapp, TrueConf сияқты платформаларды пайдалануға арналған әртүрлі онлайн нұсқаулықтармен алдын ала танысқандары дұрыс.

Конституцияның 13-бабымен айқындалғандай, әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы. Ал, Азаматтық процесілік кодекспен бекітілген сот талқылауының жариялылық қағидатына сәйкес, азаматтық істер барлық сот сатысында ашық талқыланады.

Жоғарыда айтқанымыздай, ақпараттық технологиялардың дамуы қазақстандық сот жүйесіне сот отырыстарын онлайн форматта өткізумен бірге цифрландыру элементтерін де енгізді. Ақпараттық технологиялар мен цифрландыру сот төрелігінің қолжетімділігін арттырып, ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жүйе жұмысын оңтайландыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот отырыстарын онлайн форматта трансляциялауы миллиондаған азаматқа сот процестерін бақылауға және олардың құқықтық сауатын арттыруға мүмкіндік берді. Өз кезегінде онлайн процестер елімізде барынша тиімді және әділ сот жүйесін құруға ықпал етеді.

Қарасай аудандық сотында істер көбінесе онлайн режимде қаралады. Себебі, істе көбінесе Алматы қаласының адвокаттары мен заң кеңесшілері өкіл болады. Осы ретте олардың онлайн байланыс арқылы іске қатысу туралы өтініштері қанағаттандырылады. Дегенмен, тараптардың сотқа дәстүрлі форматта қатысу қажеттілігі туса, сот отырысына келулері міндеттеледі.

Жалпы алғанда, онлайн сот отырыстарының артықшылықтары көп. Оның ең бастысы – қолжетімділік. Мысалы, шалғай аудандардың тұрғындары сот отырыстарына кедергісіз қатыса алады. Сонымен қатар, уақыт пен қаражаттың үнемделуі процеске қатысушылар мен олардың өкілдерінің шығындарын қысқартады. Сот отырыстарының онлайн-режимде трансляциялануы халықтың құқықтық сауаты мен мәдениетін көтеріп, сот жүйесіне деген сенімді одан әрі нығайтады.

Осындай артықшылықтарға қарамастан, онлайн сот отырыстарын өткізудің өзіндік проблемалары да бар. Атап айтсақ, онлайн сот отырыстарын өткізу мүмкіндіктері заңнамалық тұрғыда нақты бекітілмеген. Сондықтан, Азаматтық процесілік кодексте немесе арнайы ереже-қағидада онлайн отырыстарын өткізу мәселелері, олардың ерекшеліктері, қандай істердің онлайн режимде қаралатыны, бұл ретте пайдаланылатын байланыс құралдары, бұған қоса онлайн процеске қатысушылардың жауапкершілігі көрсетілу қажет деп санаймыз.

Бұл мәселені айтуымызға 2020 жылы елімізде төтенше жағдай енгізілгеннен кейін, Республиканың соттары онлайн-процестерге толыққанды көшті, алайда, заңнамалық реттеу мәселесі бүгінгі күнге дейін ашық күйде қалуы себеп болып отыр. Мысалы, онлайн процесс өткізу барысында техникалық қиындықтар болатыны ешкімге жасырын емес. Процеске қатысушыларда тұрақты интернет байланысы мен тиісті жабдықтар болмай қалады. Шалғай елді-мекендердегі процеске қатысушылар көбінесе интернетті қосуда қиындықтарға тап болады, соның салдарынан істі қарау кезінде түрлі келеңсіздіктер орын алады.

Сонымен қатар, істі қашықтықтан қарауда қатысушылардың жеке басын растауда туындайтын қиындықтар дәлелдемелерді теріс пайдалану мен бұрмалауға әкелуі мүмкін. Құпиялылықты қамтамасыз ету, яғни, деректерді қорғау мен ақпараттарға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау да үлкен мәселе.

Онлайн процестерді жүргізуге байланысты процеске қатысушылардан келіп түскен шағымдарды қарау нәтижесінен мысал келтірсек, Қарасай аудандық сотына заң кеңесшісінен жауапкерден залалдарды өтеу және моральдық зиянды өндіріп алу туралы талап арыз түсті. Сот отырыстарына ол интернет сапасының төмендігіне байланысты дұрыс қосыла алмағанын, нәтижесінде өзіне және сенім білдірушісіне (клиент) айтарлықтай зиян келтірілгенін, соған байланысты тікелей шығын 500 000 теңге, алынбаған гонорары мен моральдық зиян үшін 85 000 теңге өндіруді сұраған.

Іс материалдарын зерттеу барысында сот шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды. Себебі, сотта мемлекеттік техникалық қызмет РМК талапкердің тұрғылықты мекенжайы бойынша байланыс қызметтерін көрсету сапасына аспаптық өлшеулер жүргізілгені анықталды.



Тиісті аумаққа қызмет көрсететін үш операторда өлшеу жүргізу кезеңінде дауыстық байланыс қызметтерінің сапасы бойынша бұзушылықтар тіркелмегенін растады. Сот актісі талап қоюшының қатысуымен шығарылуы тиіс.

Сотта талап қоюшының интернеттің нашарлығына байланысты сот отырыстарына қатыса алмағаны туралы уәжі күмән тудырды. Талап қоюда көрсетілген күндерге тағайындалған сот процестері туралы қандай да бір дәлелдемелер берілген жоқ. Оның үстіне сенім білдірушіден заң кеңесшісіне 400 000 теңге аударылғаны Kaspi қосымшасының скриншотымен дәлелденді. Көрсетілген негіздер бойынша талап қоюды қанағаттандырудан толық көлемде бас тартылды.

Алматы облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз, ал апелляциялық шағым – қанағаттандырусыз қалдырылды. Бұл мәселеде айтқымыз келгені, онлайн процеске

қатыспағандар интернеттің істемей қалғанын негіз етеді. Осы себепті, тараптардың онлайн процестерге қатысу жауапкершілігін заңмен күшейту маңызды. Өйткені, кейбір азаматтардың жауапсыздығы өзгелердің уақытын алып, сот процесінің созбалаңға салынуына алып келеді.

Мұндай қиындықтарға қарамастан, жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл тәжірибенің артықшылықтары айқын. Қоғамның қажеттіліктеріне жедел жауап бере алатын тиімді және қолжетімді сот жүйесін құру мақсатында Азаматтық процестік кодек және басқа да заңнамалық актілерде сот процестерін онлайн түрде жүргізудің ерекшеліктері регламенттеліп, тараптарды сот процестеріне қосу үшін сот отырысы хатшыларын қажетті жабдықтармен, мысалы, телефон, планшет және интернет байланыспен қамтамасыз ету, Wi-Fi немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ғаламтор қызметтеріне ақы төлеу шаралары нақтыланса деген ұсыныс білдіреміз.

ТРЕХУРОВНЕВЫЙ СУД – ОБЛЕГЧЕНИЕ ДОСТУПА К ПРАВОСУДИЮ

В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА РАБОТЫ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ СТРАНЫ. ВВЕДЕНИЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫХ СПОСОБОВ УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ, РАЗЪЯСНЕНИЕ СУДЕБНЫХ АКТОВ, УСИЛЕНИЕ МЕДИАЦИИ, АУДИО- И ВИДЕОЗАПИСЬ СУДЕБНЫХ ЗАСЕДАНИЙ — ВСЕ ЭТИ МЕРЫ В ОПРЕДЕЛЕННОЙ СТЕПЕНИ СНИЗИЛИ УРОВЕНЬ НЕДОВОЛЬСТВА СУДЕБНОЙ СИСТЕМОЙ. ТЕМ НЕ МЕНЕЕ, ВЕРХОВНЫЙ СУД НЕ ОСТАНАВЛИВАЕТСЯ НА ДОСТИГНУТОМ И ПРОДОЛЖАЕТ ВСЕСТОРОННЕ РАССМАТРИВАТЬ МЕХАНИЗМЫ, СПОСОБНЫЕ УКРЕПИТЬ ДОВЕРИЕ К ПРАВОСУДИЮ.

Так, в настоящее время особое внимание уделяется созданию кассационных судов. Эта инициатива обсуждалась не только в рамках судебной системы, но и в обществе в целом. После поручения Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Кемелевича Токаева о формировании кассационного суда началась реализация данного проекта.

Создание независимого кассационного суда, в свою очередь, способствует повышению качества правосудия и уровня доверия граждан к судебной системе. Введение института кассационного суда также позволяет принимать решения с учётом предложений и требований граждан, не нанося ущерба финансовым затратам на судебную систему.

В этом контексте Президент Касым-Жомарт Токаев на встрече с представителями отечественного бизнеса особо подчеркнул значимость и статус кассационного суда, отметив необходимость создания отдельных кассационных инстанций для обеспечения качественной защиты прав граждан. Также он заявил о приоритетности расширения сферы применения института административного правосудия. По его словам, лишь 5 процентов уголовных и гражданских дел допускаются к кассации, что крайне мало и не соответствует общественному запросу. В связи с этим была озвучена необходимость создания отдельных кассационных судов.

Если подробнее раскрыть, в чем заключается эффективность создания кассационных судов: кассационный суд – это структурная часть судебной системы, контролирующая и исправляющая судебные решения, вынесенные судами первой и второй инстанций. Рассмотрение дел в кассации возможно только по определённым основаниям.

Основная задача кассационного суда – обеспечение правильного применения и толкования законодательства при вынесении судебных решений. Этот суд оказывает положительное влияние на развитие право-

вой системы. Следовательно, создание независимого кассационного суда в Казахстане повысит качество правосудия и уровень доверия к судам. При этом такие изменения не повлияют на финансовые расходы, но откроют путь к более справедливым и взвешенным решениям, учитывающим мнение граждан.

Ожидается, что в будущем в г. Астана начнут работать три отдельных кассационных суда – по гражданским, уголовным и административным делам, каждый из которых будет действовать как полноценный самостоятельный орган.

Кроме того, важным нововведением станет отмена стадии предварительного рассмотрения жалоб в кассационной инстанции. Ранее вопрос о передаче дела в коллегиальное рассмотрение решался единолично судьей, что вызывало недовольство граждан и предпринимателей. Теперь этот вопрос, по всей видимости, будет решён положительно. Также реализовано предложение адвокатского сообщества: по всем категориям дел участие сторон будет обязательным, а рассмотрение дел будет проходить только в составе коллегии.

С созданием кассационных судов изменится и роль Верховного Суда. Новый механизм позволит упразднить институт представлений Председателя Верховного Суда без дополнительных трудностей. Изменения начали вводиться с 1 июля 2025 года.

В г. Астане будут созданы три отдельные кассационные инстанции по гражданским, уголовным и административным делам. Самое главное – эти органы будут полностью независимыми. Это, в свою очередь, приведет к повышению качества судебной деятельности в стране и станет важным шагом на пути к построению справедливого Казахстана.

Елена КВАН,
судья районного суда №2
Бостандыкского района г. Алматы

ҚАДЫРДЫҢ ТОЙЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ

МЕМЛЕКЕТИМІЗДІҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ,
ӨНЕРІНІҢ, Т.Б. ӘЛЕМ ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА ТАНЫЛУЫНА ҮЛЕС
ҚОСҚАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨМІРІ, ОЛАРДЫҢ МЕРЕТОЙЛАРЫ
ӘРҚАШАНДА ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ. БҰЛАЙ ДЕП
ОТЫРҒАНЫМЫЗ, ӘР ЖЫЛ ТАРИХТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫН
АШЫП, ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ МАҢЫЗДЫ
ОҚИҒАЛАРДЫ ЕСКЕ ТҮСІРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.



Мәселен, 2025 жыл жаһандық тарих пен мәдениет үшін ерекше жыл, себебі, бірқатар ірі тарихи оқиғалар, ұлы тұлғалардың мерейтойлары, қоғам үшін маңызды күндер атап өтілуде. Биыл сондай көрнекті тұлғалардың бірі әрі бірегейі – ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның

Халық жазушысы, «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Қадыр Мырза Әлінің туғанына – 90 жыл. Ақынның торқалы тойы жыр жампозының туған жері Жайық өңірінде де кеңінен тойлануда.

Қазақ сөзінің құдіретін асқақтатқан, заман тынысын тереңінен толғаған, Ұлы Даланың мұңын да, сырын да жырлаған, жүректен шыққан

жырымен халықтың үніне айналған Қазақтың Қадырының шығармашылығын он жылдан бері насихаттап, халыққа жеткізу жолында Орал қаласындағы Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығы аянбай еңбек етіп, мұрындық болып келеді.

Бір жағынан қарасаң боз үйге, бір жағынан қарасаң мөлдір тамшыға ұқсайтын сәулетіне салтанаты келіскен ғимаратты өңір мәдениеті мен әдебиетінің және өнерінің руханият ордасы десе де болады. Орталықтағы Қадыр ақынның баға жетпес жеке жәдігерлері мен 6767 дана кітабы қойылған мұражай Жайық жұртшылығы мен өңірге қадам басқан мәртебелі меймандарға ақын өмірі мен шығармашылығын паш етіп тұрғандығын атап өткен жөн.

Мерейлі жылдың басында «Қадыр хақындағы шығармашылық жұмыстардың өміршеңдігі» тақырыбында өткен алқа отырысында қабылданған шешім бойынша былтыр «Қадыр-қазына» жобасы аясында өткізілген «Қадыр жыры – халық үні» атты облыстық жыршы-термешілер байқауы, «Күндер-ай» облыстық әншілер байқауы, «Бұлбұл бағы» облыстық сазгерлер байқауларының жүлдегерлері орындаған туындылар статуетка түрінде арнайы жинақ болып шықты. Орталық қызметкерлері Алматы қаласына арнайы барып, жыр шайырының шаңырағында болып, ақынның жары Салтанат апамызға 90 жылдық мерейтойға арналған статуетканы сыйға тартты.

Ақжайықтан аттанған бала Қадыр мен Алатау тұғырындағы дана Қадырдың арасында талант пен еңбектің, дарын мен даралықтың үлгісі білім беру мекемелерінде өткен іс-шараларда да кеңінен насихатталуда.

Нақтылап айтар болсақ, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің ұйымдастыруымен «Әсем лирикалық қалам» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция, «Өні өз елі – өлеңі өзегі» әдеби-сазды кеш, «Талассыз тау тұлға» атты Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенттерінің концерттік бағдарламасы өтті.

Батыс Қазақстан облыстық білім беру басқармасы, «Дарын» қосымша білім беру орталығы және Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығы бірлесіп, мектеп оқушылары арасында «Қадыр оқулары» облыстық байқауын ұйымдастырды.

Қадыр Мырза Әлінің ұлттық және әлем әдебиетінің дамуына қосқан үлесінің өміршеңдігінің сырын таныту, ақын шығармашылығын зерделеу және насихаттау, оның қазіргі заман үшін маңыздылығын көрсету, зерттеушілер, ұстаздар, ғалымдар мен әдебиетсүйер қауымның пікір алмасуына жағдай жасау мақсатында «Дәуір дарабозы» атты конференция өтті.

Сырым ауданы әкімдігінің қолдауымен «Қадыр қалдырған құндылық» атты жобаны ақын атындағы орталықтың өнер ұжымы жыр сүлейінің кіндік қаны тамған Жымпиты ауылынан бастады. Қадыр орталығының өнерпаздары «Замана заңғары» атты әдеби-сазды кеш барысында ақын өлеңдері өзек болған әндер мен жыр-термелерді тыңдаушылар назарына ұсынды.

Сонымен қатар, Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мәдени-ағарту бірлестігі көркемөнерпаздарының қатысуымен «Алтын діңгек – өзім туған босағам...», Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының ұйымдастыруымен «Нағыз қазақ – домбыра» атты дәстүрлі әншілердің ән кеші өтті.

2025 жылдың 9-10 шілде күндері Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, БҚО мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен өткен Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдығына орай «Қадыр жыры – халық үні» республикалық жыршы-термешілер байқауы өз мәресіне жетті.

Байқаудың бас жүлде иегері маңғыстаулық Ақылбек Жұмалиевке «Дәуір дарабозы – 90» жобасы аясында тапсырыспен дайындалған Қадыр ақынның сөзіне жазылған өлеңдері, өз дауысымен жазылған бейнеүзінділер жинақталған статуетка табыс етілді.

Орталық директоры Дәулеткерей Атауұлының айтуынша, бұл – Қадыр тойының бір парасы ғана. Ақынның торқалы тойына арналған республикалық деңгейде өткізілетін ауқымды іс-шаралар алдағы күзде атқарылмақ.

Айгүл АХМЕТОВА,
журналист

РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР

БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ОСЫНАУ МЕРЕКЕНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ОРАЙ, БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙРЫЛҒАН НЕМЕСЕ БАС БОСТАНДЫҒЫ ШЕКТЕЛГЕН АЗАМАТТАРҒА ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫМЕН РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНДЫ. РАҚЫМШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫ ГУМАНИЗАЦИЯЛАУ МАҚСАТЫН КӨЗДЕЙДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОСЫ ЗАҢ АЯСЫНДА АЗАМАТТАР БОСТАНДЫҚҚА ШЫҒЫП, ОТБАСЫЛАРЫМЕН ҚАУЫШЫП ЖАТҚАНЫ БАҚ-ТАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ КЕҢІНЕН ЖАРИЯЛАНУДА.



ҚР Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заңы 15 мыңнан аса сотталушыға мүмкіндік берсе, оның 4,1, мыңы қылмыстық жауапкершілік пен жазадан толық босатылады. Ресми ақпарат көздері қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінен – 632, пробациялық бақылаудан – 3,5 мың сотталушының рақымшылыққа ілігетінін, бұған қоса қамаудағы 5,4 мың, пробациялық есепте тұрған 5,5 мың адамның

жазасы қысқартылатынын көрсетіп отыр. Жалпы алғанда 11 мың адамға негізгі жаза мерзімі мен мөлшерін қысқарту шарасы қолданылады.

Бұл заң қылмыстық теріс қылық немесе жеңіл қылмысқа барғандар мен залал келтірмеген ауырлығы орташа қылмыс жасағандарға, сондай-ақ, оның орнын толық өтеген немесе азаматтық талап қойылмаған, бұған қоса залалдың немесе азаматтық талаптың болуына қарамастан ауырлығы

орташа қылмыстар жасаған әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға қолданылады. Ресми мәліметтер рақымшылыққа ілігетін 833 бұрымдың 109-ы босатылатынын, қалған 724-інің жазасы қысқартылатынын көрсетіп отыр.

Әлеуметтік жағынан осал санатқа жататын сотталғандар қатарында ардагерлер, «Ардагерлер туралы» заңмен қамтылған басқа да тұлғалар, қылмыстық құқық бұзушылықты он сегіз жасқа жетпей жасағандар, осы заң қолданысқа енгізілген күні елуге толған және одан асқан әйелдер, алпыстағы, сондай-ақ, одан үлкен ерлер, жүкті әйелдер, т.б. заңмен айқындалған адамдар бар. Яғни, рақымшылыққа ілігуге балалары кәмелеттік жасқа толмаған, сондай-ақ, аяғы ауыр әйелдер, соғыс ардагерлері, тағы басқа әлеуметтік санаттағылардың мүмкіндігі жоғары.

Тақырыбымызға өзек болып отырған заңның нормаларына қысқаша тоқталсақ, қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босату 2-баппен сараланған. Бұдан әрі нақтыласақ, негізгі жазадан жазасын өтеу барысында теріс мінез-қылық танытпаған осы заңның 5-бабының 4-тармағында белгіленген рақымшылық жасау актісін орындау кезеңінде жазасын өтеуіне бір жылдай уақыт қалған, ауырлығы орташа қылмыстар жасап сотталғандар босатылады. Осы баптың 1-тармағымен айқындалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер қылмыстық процесті жүргізетін органның адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, тоқтатуына жатады.

Қосымша жаза тағайындалатын соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар туралы істерде 5-баптың 1-тармағында көрсетілгендер негізгі жазадан, ал осы баптың 1-тармағының күші қолданылатын сотталғандар негізгі жазасын ғана одан әрі өтеуден босатылады.

Негізгі жазаның мерзімдерін немесе мөлшерлерін қысқарту заңдылығы 3-баппен нақтыланған. Мысалы, заңның 2-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларының күші қолданылмайтын, ауырлығы орташа қылмыс жасағандарға негізгі жазаның өтелмеген не орындалмаған бөлігінің мерзімі немесе мөлшері екіден бір бөлігіне қысқартылады. Жазасын өтеп жатқан немесе оны әлі орындамаған әлеуметтік жағынан осал санаттағыларға негізгі жазаның өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшерлері ауыр қылмыстарда үштен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар бойынша төрттен бір бөлігіне қысқартылады.

Әлеуметтік топқа кірмейтін жазасын өтеп жатқандар мен оны әлі орындамағандар негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшерлері қылмыстық құқық

бұзушылықпен келтірілген залалды және өздеріне қойылған талап қою талаптарын толық өтеген жағдайда не олар болмаған кезде:

1) ауыр қылмыстар бойынша – үштен бір бөлігіне;

2) аса ауыр қылмыстар бойынша төрттен бір бөлігіне қысқартылады.

Бұдан басқа қолданылатын жеңілдіктер жоғарыда аталған заңмен белгіленген. Ал 4-бапта рақымшылыққа ілінбейтіндер санаты белгіленген. Мысалы, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар не экстремизм белгілері бар қылмыстар жасағандарға, өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалғандарға, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар және елеулі қоғамдық қауіп төндіретін т.б. осы заңның тармақтарымен көрсетілген қылмыстарға рақымшылық қолданылмайды.

Рақымшылық жасауды қолдану шарттары мен тәртібін жүзеге асыру барысы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен жазаны орындайтын органдардың қызметкерлерінен үлкен жауапкершілік талап етеді. Олар осы заңның уақтылы орындалуын қамтамасыз ету үшін сотқа қажетті құжаттарды беруге міндетті. Мысалы, жазаны өтеуден босату не оның мерзімін қысқарту туралы ұсыным, сотталушыға қатысты сот үкімі мен өзге де сот актілерінің көшірмесі, жазаның өтелген және қалған мерзімі туралы мәліметтер, сотталған адамның жеке немесе бақылау ісі, әлеуметтік жағынан осал жанның мәртебесін растайтын құжаттар.

Тиісті органдар осы заң күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оның орындалуын қамтамасыз етеді. Өзіне қатысты рақымшылық жасау қолданылуы мүмкін адам немесе оның заңды өкілі қарсы болса, рақымшылық жасалмайды. Қазақстанда сотталып, бірақ, жазасын елден тыс жерде өтеп жатқандар, сондай-ақ, жазасын өтеу үшін біздің елге берілген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану ҚР Қылмыстық-процестік кодексінде және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

Өмірде барлық адамның қателесуі мүмкін. Тек одан сабақ алу әркімге сын. Мемлекет басшысы тарапынан беріліп отырған мүмкіндікті сотталушылар түзелу жолына жұмсап, өмірден өз орындарын тапса, еліміз үшін үлкен жетістік. Өйткені, біздің басты байлығымыз адам, оның өмірі мен денсаулығы. Сондықтан, олардың қоғамға бейімделіп кетуіне әрқайсысымыз атсалысуға тиіспіз.

Аида БУЛАКБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы
Маңғыстау облысы

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ – ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

НЕСИЕДЕН КӨЗ АШПАЙ, АЙДЫҢ СОҢЫН ӨРЕҢ КҮТІП ЖҮРСІЗ БЕ? БҰЛ – ТЕК ТАБЫСТЫҢ АЗДЫҒЫНАН ЕМЕС, АҚШАНЫ ДҰРЫС ЖОСПАРЛАМАУДАН ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕ. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ – САУАТТЫ ЖОСПАР МЕН ЕСЕПТЕ. ҚАРАПАЙЫМ ТӘСІЛДЕРДІ ҮЙРЕНУ АРҚЫЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН АЗАМАТ ӨЗ ҚАРЖЫСЫН ТИІМДІ БАСҚАРА АЛАДЫ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ҚАРЖЫ САУАТТЫЛЫҒЫ – ӨР АДАМ ҮШІН МІНДЕТТІ ДАҒДЫҒА АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ КҮННЕН КҮНГЕ ДАМЫП, ЦИФРЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР, БАНКТІК ЖҮЙЕЛЕР, ОНЛАЙН ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛА БАСТАДЫ. АЛАЙДА, ОСЫ МҮМКІНДІКТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫН АЗАМАТТАР САНЫ АЗ. СОНДЫҚТАН, ҚАРЖЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫБЫ. ҚАРАПАЙЫМ ТАБЫСЫ БАР АДАМ ДА АҚШАСЫН ДҰРЫС ЖОСПАРЛАУ АРҚЫЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛАДЫ. ОЛ ҮШІН САРАПШЫЛАР ҰСЫНҒАН НАҚТЫ КЕҢЕСТЕРГЕ СҮЙЕНІП, ЖҮЙЕЛІ ӨРЕКЕТ ЕТУ ЖЕТКІЛІКТІ.

Қаржы саласының маманы Әсел Жарасқалиқызы ақшаны дұрыс басқару үшін әр азамат қолдануы тиіс үш негізгі тәсілді бөлісіп отыр. Бірінші тәсіл – ай сайынғы бюджетті есептеу. Қаржыгердің айтуынша, қаржылай сауатты болудың алғашқы қадамы – кіріс пен шығысты айырып, жүйелі түрде есептеу. «Қаржылық сауаттылықты жақсарту үшін адам ең алдымен кіріс пен шығыстан бастауы қажет. Кез келген азамат шығысын

есептесе, «теңге тиыннан құралады» демекші, оның басы құралады. Көбінесе адамдар «тиынға санаспайықшы, ол онсыз да жетпейді» деп жатады, ал ақшаның жетпейтіні де осыдан. Ақша саналмағандықтан жетпейді. Біз неғұрлым оны санап бастасақ, соғұрлым табыс берекелі, нәтижелі болады», – дейді маман.

Бюджет жоспарын жасау үшін ең алдымен кіріс пен шығын тізімін жазып отыру керек. Кірі-

стерге жалақы, инвестиция, қосымша табыс және салық жеңілдіктері жатады. Шығындар – жалдамалы баспана ақысы, коммуналдық төлемдер, несиелер, азық-түлік, киім, көлік шығындары, ойын-сауық сынды айнымалы шығындар. Бұдан бөлек, жинақтауға арналған қаражат бөлу – болашаққа бағытталған маңызды қадам. Қаржыгер қарапайым дәптерге немесе электронды кестеге күнделікті шығындарды жазып, үш айдан соң талдау жүргізуді ұсынады. Осы арқылы адам артық шығындардан бас тартып, қаржысын үнемдеуге көшеді.

Екінші тәсіл – қауіпсіздік қоры. Әсел Жараскалиқызының айтуынша, күтпеген жағдайға дайын болу үшін әр адамның «қаржылық көпшігі» болуы керек. Бұл қор жұмыстан айырылу, ауру немесе көлік бұзылуы секілді төтенше жағдайларда таптырмас көмек. Қауіпсіздік қорының ең аз көлемі – үш айлық табыс, ал оңтайлысы – он екі айлық табыс. Мысалы, айына 200 мың теңге табатын адамның ең төменгі қауіпсіздік қоры 600 мың теңгеден басталады, ал бір жылдық қор – 2 миллион 400 мың теңге. Егер отбасында асырауындағы адамдар болса, бұл соманы арттыру ұсынылады. Қауіпсіздік қоры – тұрақсыздық жағдайында өмір сүру сапасын төмендетпей сақтап қалудың жолы.

Үшінші тәсіл – болашаққа инвестиция жасау. Қаржыгердің пікірінше, табысты басқарудағы ең маңызды қадам – ақшаға мақсат қою. Ақша мақсат құрылғаннан кейін ғана жиналады. Мақсатсыз жиналған қаражат берекесіз жұмсалады. Сондықтан, «Ол зат қанша тұрады? Маған қашан қажет? Қай уақытта ала аламын?» деген нақты сұрақтарға жауап беру арқылы әрекет ету қажет. Бұдан бөлек, инвестиция дегеніміз – тек акция мен облигация емес. Бұл адамның өзіне, кәсібіне, кәсіби құрал-саймандарға салған ақшасы. Мысалы, егер дизайнер мамандығында еңбек етсеңіз, қуатты компьютер сатып алу арқылы табысыңызды арттыра аласыз. Ал несиеге келсек, егер бұрыннан бір-екі маңызды несиеніз болса, жаңасын алмау керек. Себебі несиеге жұмсалатын қаражатты ойын-сауық пен сәнді киімге жұмсау – қаржылық сауатсыздықтың белгісі. Сондай-ақ, зейнетақы қорына тұрақты жарна аудару, өмірді сақтандыру арқылы ұзақ мерзімді қор қалыптастыру маңызды.

Қаржылық сауат – бұл табыстың көлеміне емес, оны қалай тиімді басқара алатыныңызға байланысты. Әсел Жараскалиқызы ұсынған үш тәсілді

күнделікті өмірге енгізу арқылы кез келген азамат өз қаржысын бақылауға алып, ертеңгі күнге сенімді бола алады. Бюджет жасау тәртіпке үйретсе, қауіпсіздік қоры қаржыңызды қорғауға көмектеседі. Ал инвестиция болашаққа бағытталған тұрақтылық кепілі. Қаржылық сауаттылық тек жеке адамның жағдайын жақсартумен шектелмейді, ол – ел экономикасының тұрақтылығына да тікелей әсер ететін фактор.

Қаржылық шешімдер қабылдауда эмоцияға ерік беру – ең жиі кездесетін әрі ең қауіпті қателіктердің бірі. Ақшаға қатысты әрекеттер тек сезімге емес, нақты есеп пен салқынқанды ойға негізделуі тиіс. Себебі, эмоциямен жасалған сатып алулар немесе қаржы құралдарын таңдаудағы асығыстық кейін материалдық қиындықтарға алып келуі мүмкін. Маркетингтік жарнама мен уақытша ұсыныстарға сеніп, шынымен қажет емес затқа қаржы жұмсау – қарапайым адамның қаперіне кіре бермейтін, бірақ, бюджетке елеулі әсер ететін фактор. Осы тұрғыда ең маңызды дағды – қаржы қорын алдын ала қалыптастыру. Қаржылық қор – адамның ертеңгі күнге деген сенімін арттыратын, күтпеген жағдайлардан қорғайтын қаржылық қауіпсіздік желісі. Егер адамның денсаулығы сыр беріп, уақытша табыс көзінен айырылса, немесе күтпеген шығын туындаса, осы қор үлкен көмек бола алады. Ал мұндай қорға ие емес адамдар көбіне амалсыздан жұмысқа жарамсыз кезінде де еңбек етуге мәжбүр болады. Бұл – физикалық және психологиялық тұрғыдан ауыр салдарларға алып келеді.

Мұның нақты мысалын пандемия кезінде көрдік. Локдаун кезінде табысынан айырылған қаншама адам қаржылық қиындыққа тап болды. Ал егер әр азаматтың кемінде бірнеше айлық шығынын жабатын қаржылық резерві болғанда, мұндай қиындықтарды әлдеқайда жеңіл өткеруге болар еді. Бұл тәжірибе бізге тек медициналық сақтық қана емес, қаржылық дайындықтың да қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Сондықтан да қаржы қорын жасау – қаржылық сауаттылықтың негізгі элементтерінің бірі. Бұл қор – тек байлық емес, тыныштық пен сенімділіктің көзі. Ол адамның ертеңгі күнге тәуелсіз қадам жасауына, батыл шешім қабылдауына, әрі материалдық қысымнан ада болуына мүмкіндік береді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ

Заң газеті

СОТ АКТІЛЕРІНЕ ШАҒЫМДАНУДЫҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ



**Айнұр
БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,**
*Бостандық аудандық
сотының Әкімшісі
Алматы қаласы*

РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА СӘЙКЕС, БИЛІК ҮШ САЛАҒА, АТАП АЙТҚАНДА, ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ, АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ СОТ БИЛІГІ БОЛЫП БӨЛІНЕДІ. СОТ БИЛІГІН ТЕК ҚАНА СОТТАР ЖҮРГІЗЕДІ. СОНДЫҚТАН, ІСТЕРДІ ҚАРАП, ӘДІЛ СОТ АКТІЛЕРІН ШЫҒАРУ СОТТАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ МІНДЕТІ САНАЛАДЫ. БҰЛ ТАҚЫРЫПТЫ ҚОЗҒАП ОТЫРҒАНЫМЫЗ, 1-ШІЛДЕДЕ ЕЛІМІЗДІҢ БАС ҚАЛАСЫ – АСТАНАДА ҚЫЛМЫСТЫҚ, АЗАМАТТЫҚ, ӘКІМШІЛІК БАҒЫТТАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ІСКЕ КІРІСТІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК, АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК, Т.Б. БІРҚАТАР КОДЕКСТЕР МЕН ЗАҢДАР ӨЗГЕРТІЛІП, ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ.

Қазақстандағы сот ісін жүргізу Жоғарғы Сот, Кассациялық қылмыстық, азаматтық және әкімшілік соттар, Апелляциялық қылмыстық, азаматтық және әкімшілік соттар, сондай-ақ, бірінші саты соты инстанцияларынан тұрады. Кассациялық соттардың құрылуы бірінші саты соттарының сот актілеріне шағымданудың жаңа тәртібін енгізді. Сот шешімдерін қайта қарау бойынша барлық өкілеттіктер кассациялық сатыдағы соттарға берілді. Яғни, бірінші сатыдағы соттардың шешімдеріне шағымдар апелляциялық сатыға емес, тікелей кассациялық сотқа жолданады.

Алдымен дербес кассациялық соттардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғаудағы роліне тоқталсақ, алдын ала қарау кезеңі алынып тасталды, яғни, істер бұрынғыдай іріктелмейді. Келіп түскен шағымдардың барлығы автоматты түрде кассациялық соттың үш судьядан тұратын алқалы құрамының қарауына беріледі.

Екі тараптың бірдей сот актісімен келісе бермейтіні айдан анық. Сот шешімі өз пайдасына шығарылмаған жақ әрқашан да «сот әділ емес» деген пікірде болады. Сондай күмән-күдікті жоюда кассациялық соттар айрықша рольге ие болмақ. Мысалы, төменгі саты соттарында өздеріне қатысты шығарылған сот актілерінің әділдігіне күмәнданғандар кассациялық соттарға бұрынғыдай істі қайта қарау туралы арыз емес, оның орнына кассациялық шағым береді. Яғни, кассациялық соттар бірінші саты соттарының заңды күшіне енген шешімдеріне берілетін шағымдарды қарайды.

Бұдан әрі нақтыласақ, жаңа соттар сот актілерінің заңдылығын тексеріп, төменгі саты соттарының заң нормаларын дұрыс қолдану деңгейін саралайды. Нәтижесінде анықталған қателіктерді түзетеді. Егер төменгі сатыдағы сот қателікке жол берсе, онда кассациялық сот аталған шешімді өзгертеді немесе оның күшін жояды. Мұны сот актілерінің сапасын жақсартып, әділдікті қамтамасыз етудегі маңызды қадам ретінде бағалауға болады. Сондай-ақ сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша кассациялық қайта қараудың бірыңғай қағидалары енгізілді. «Жаппай кассация» принципі істі іс жүргізуге қабылдау сатысымен ерекшеленеді.

Заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіпте қайта қарауға, іс жүргізу заңдарын дұрыс қолданбау негіз болады. Кассация-

лық шағымда оны берген адамның процестік жағдайы, тұрғылықты немесе тұрған жері, байланыс нөмірі, шағым жасалған сот актілері және оларды шығарған соттардың атауы, сот актісінің қай бөлігінде немесе оған толық көлемде кассациялық шағым берілгені, наразылық келтірілгені көрсетіледі. Сонымен қатар, сот актісінің қай жері дұрыс емес екені, істі қарау кезінде заңның қандай нормалары бұзылғаны және бұл бұзушылықтың шығарылған сот шешімдеріне қалай әсер еткені туралы дәлелі, кассациялық шағымды берген адамның істі қарау барысында қатысатыны не қатыспайтыны жайлы ақпараттар қамтылуы тиіс. Шағымға даулы сот шешімдерінің көшірмелері қоса беріледі. Жаңа талапқа сәйкес, кассациялық шағым немесе наразылық білдіру туралы өтінішті өкіл берген жағдайда, онда талаптарға негізделетін заң нормасына сілтеме болуы тиіс.

Ескерерлігі, жеке және заңды тұлғалар кассациялық шағымды дұрыс ресімдеуге жете мән беруі керек. Бұл ретте сот актілеріне шағымдану тәртібін реттейтін іс жүргізу заңнамасын мұқият зерделеу артықтық етпейді. Өйткені, кассациялық сатыдағы сот бұрынғы сот шешімінің күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберген жағдайда бұл шешімге қайтадан кассациялық шағым жасалмайды. Яғни, сот актісінің соңғы нүктесін кассациялық сот қояды.

Кассациялық шағым, іс жүргізілген тілде беріледі. Ал сотталғандардың кассациялық шағымы қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі арқылы жіберіледі. Кассациялық сотқа түскен шағымдар алты ай ішінде қаралады. Кассациялық соттардың судьялары бірінші саты соттарының үкімдері, қаулылары апелляциялық сатыда қаралғаннан кейін оларды қайта қарау туралы кассациялық шағымдарды, апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдерін, қаулыларын, бірінші сатыдағы соттың үкімдері мен қаулыларына олардың апелляциялық сатыда қайта қаралғанына не қаралмағанына қарамастан, апелляциялық сатыдағы үкімдер мен қаулыларға Бас прокурор мен оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылығын қарайды. Сот процесі тараптардың міндетті қатысуымен ауызша өтеді.

Қазақстанның құқықтық жүйесін халықаралық стандарттарға жақындататын реформа сот жүйесі жұмысының тиімділігіне жол ашып, сотқа деген сенімді одан әрі нығайтады.

ИНВЕСТИЦИЯ ЭКОНОМИКАНЫ ОҢТАЙЛАНДЫРАДЫ



ҚАЗАҚСТАН
ПРЕЗИДЕНТІ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВ «ӘЛЕМ
ҚАЗАҚСТАНҒА
ЗОР СЕНІМ
АРТАДЫ, БІЗДІ
«ОРТА ДЕРЖАВА»
РЕТІНДЕ ТАНИДЫ.
АЛАЙДА, БҰЛ
ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕ

ТЕК СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРМЕН ҒАНА ЕМЕС, ЭКОНОМИКА, ИНВЕСТИЦИЯ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРМЕН ДЕ БЕКІТІЛУГЕ ТИІС» ДЕП, ЕЛІМІЗДЕ ИНВЕСТИТОРЛАР МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕТІН ИНВЕСТИЦИЯ ШТАБЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТТІ. МҰНЫ АЙТЫП ОТЫРҒАНЫМЫЗ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖАҒЫНАН ДҮНИЕ ЖҮЗІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛТЫНШЫ ОРЫНДА ЕКЕНІН КӨРСЕТІП ОТЫР. БҰҒАН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ИНВЕСТИТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ ЗОР. ЭКОНОМИКАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ 2029 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІН 150 МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖЕТКІЗУДІ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН.

Инвесторларға жасалатын қолдау шаралары мен жеңілдіктердің бастысы ретінде заттай мемлекеттік грантты, оларды кедендік және импортты қосылған құн салығы мен мүлік, табыс, өзге де салықтардан босатуды, сондай-ақ, шетелдік жұмыс күшін импорттаудың артықшылығы бар режимді атауға болады. Өз кезегінде мұндай қолдаулар шетелдік инвесторларды елімізде қызметін тиянақты түрде ұзақ мерзімде жалғастыруға ынталандырады. Бұған қоса, өткен жылы инвестициялық штаб тапсырмасының негізінде инвестициялар тарту жөніндегі Ұлттық компания инвестициялық ахуалды жақсарту мен экономиканың әртүрлі салаларындағы кедергілерді жедел түрде анықтауды бастады. Тағы бір айтарлығы, инвестициялық жобаларды «жасыл дәлізге» қосу әдістемесі қолға алынды. Мұндай әдістеме инвестициялардың көлемі мен жобаның технологиялық сипатын, «Fortune Global 2000» құрамында инвестордың болуын, листинг құру, халықаралық биржалар үшін жұмыс орындарын құру секілді критерийлерді қамтуымен ерекшеленеді.

Ұлттық банк 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 9,8 миллиард долларға жеткенін мәлімдеді. Ал Еуразиялық даму банкінің ақпараттарына жүгінсек, Қазақстан Еуразиялық аймақта да инвестиция тартудан көш басында тұр. Мысалы, былтырғы бірінші жартыжылдықта Еуразиялық өңір елдері арасында жинақталған инвестициялардың жалпы сомасы 46,1 млрд долларды құраса, солардың ішінде Қазақстанның үлесіне аталған мерзімде экспортталған инвестицияның 80 пайызы тиген. Салаларға шаққанда инвестициялардың басым бөлігі тау-кен өндіру, өңдеу, тамақ, машина жасау, мұнай, газ және пайдалы қазбалар өнеркәсіптеріне бағытталған. Осы тұста айтып өтерлік тағы бір жайт, білім беру саласына бағытталған инвестиция көрсеткіші жоғары, мәселен, соңғы бес жылда білімге тартылған инвестиция көлемі жеті есеге өскен.

Қазақстанға ең көп инвестиция салған елдердің алдыңғы шебінде Ресей, Нидерланд, Оңтүстік Корея, Бельгия, Қытай, Франция, Кипр, Ұлыбритания, Сингапур, Түркия тұр. Мемлекетіміздің инвестициялық ахуалы халықаралық компаниялардың өз стратегияларын әртараптандыру мен жасыл энергия, цифрландыру және технологиялық инновациялар сияқты негізгі салалардағы жобалар-

ды қолдауға деген ынтасын арттыруда. Оған еліміздегі жаңа жобаларға 15,7 млрд долларды құрайтын қаржының тартылуы дәлел.

Инвестициялық статистикаға сүйенсек, биылғы жылдың қаңтар-ақпан айларында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1857,5 млрд. теңгені құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 0,5 пайызға өскен. Ал, шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаттары инвестицияның басым көзіне айналуы да. Мысалы, бұл субъектінің үлесіне 1259,8 млрд. теңге тиесілі. Негізгі капиталға салынған инвестициялар ғимараттарды күрделі жөндеу, салу жұмыстарына жұмсалған шығындар былтырға қарағанда биыл 18,3 пайызға артқан.

2025 жылдың қаңтар-ақпанында негізгі капиталға салынған инвестициялардың 40,5 пайызы өнеркәсіпке, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазуға – 22,4 пайыз, өңдеу өнеркәсібіне – 11 пайыз, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға – 20,2 пайыз, көлік және қоймалау мен білім беру саласына – 12 пайыз бөлінген. Ірі кәсіпорындардың инвестициялық салымдарының көлемі биылғы қаңтар-ақпанда 652,6 млрд. теңгені құраған.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 2025-2030 жылдар аралығында АКТ секторына жалпы көлемі шамамен 1,3 трлн теңге инвестиция тартуды, ал KEGOC компаниясы генерация қуаттарын салу бойынша жалпы құны 2,3 трлн теңге болатын 8 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырғанын жариялады.

Өткен жылы өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде аталған саладағы өсім 6 пайызға жуықтаған. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш екенін айтқан Мемлекет бысшысының «Осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтап қалу керек» деуі бекер емес. Мұндай ауқымды шаралар ішкі нарықтың қамтамасыз етілуіне, сол арқылы жаңа жұмыс орындарының көптеп ашылуына мүмкіндік туғызады. Осы себепті, еліміздің экономикасын дамытып, мемлекеттер арасындағы өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ететін шетелдік инвестицияларды тартып, тиімді пайдалану уақыт талабы.

Т. ИБАШЕВА,
журналист

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР САЛА ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУДА



**Гүлмира
СЫРБАЕВА,**
Ақтөбе облысы
жеке сот
орындаушылары
Өңірлік
палатасының жеке
сот орындаушысы

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ
ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА
СӘЙКЕС, ӨНДІРІП АЛУШЫ МЕН БОРЫШКЕР,
ОЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ, СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ,
АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАҒЫ ТАЛАПТАРДЫ ОРЫНДАУҒА
ЖӨРДЕМДЕСЕТІН, АТАП АЙТҚАНДА, ІШКІ ІСТЕР ЖӘНЕ
ӨЗГЕ ДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ,
СОТ ЖАСАУЫЛЫ, СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ
КӨМЕКШІСІ, Т.Б. АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ БОЛЫП ТАНЫЛАДЫ.

Қазақстанда мемлекеттік және жеке сот орындаушылар қызмет етеді. Олардың мәртебесі жоғарыда аталған заңмен белгіленген. Мемлекеттік сот орындаушылардан айырмашылығы, жеке сот орындаушылар өздерін-өздері қаржыландырады. Осы себепті, жұмыстарын жедел әрі сапалы орындауға бар күш-жігерлерін жұмсайды.

Атқарушылық құжатын орындату жеке сот орындаушысының басты міндеті. Яғни, оларға атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану жүктелген. Жеке сот орындаушысы атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына уәкілетті орган берген лицензия негізінде әрекет етеді. Олар тәуелсіз, тек қана заңға бағынады, қызметтерінде Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңды басшылыққа алады. Осы заңда борышкердің мүлкіне, банктік шоттарына тыйым салу, жылжымалы мүлкін, құқық белгілейтін құжаттарын алып қою, мүлкін мөрлеу сияқты көптеген мәжбүрлеу шаралары көзделген. Жеке сот орындаушыларының ерекше құзыретіне жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау жатады.

Әрбір сот актісінің орындалуы жеке сот орындаушысынан жан-жақтылықты талап етеді. Сондықтан, олар заңмен көзделген шараларды қолданады. Ең бірінші борышкерлер атқару парағынан хабардар етіліп, оны орындау туралы ескерту жасалады. Ескерту-хабарламалар СМС-пен жіберіледі. Жеке сот орындаушылардың бұл әрекетін елеулітін немесе мүлде елемейтін де адамдар бар. Кері байланысқа шыққандарға мәселенің мән-жайы толық түсіндіріледі. Заңды сыйлайтындар мәжбүрлі шаралар қолдануға жеткізбей-ақ, сот шешімін орындайды. Ал заңға бағынғысы келмейтіндерге тиісті мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Мысалы, борышкердің есеп шоттары бұғатталады, сондай-ақ, ел аумағынан шығуына, мәмілелер жасауына, көлік жүргізуіне, т.б. заңмен көзделген шектеулер қойылады.

Сот актілерін орындау жеке сот орындаушыдан іскерлік пен кәсібилікті талап етеді. Себебі, кімге болса да мәжбүрлі түрде орындату оңай емес. Жұмыс барысында неше түрлі келеңсіз жағдайлар туындайды. Қарызын қасақана төлегісі келмейтіндер жетіп-артылады. Мұндай кезде олардың жылжыттын, жылжымайтын мүліктері, құнды заттары, т.б. саудаға шығарылып, одан түскен қаржымен қарыздары жабылады. Бұл оңай емес, сондықтан, борышкерлердің сот актісін өз еріктерімен орындауына ықпал ету маңызды.

Қиындықтарды игеріп, сот актісін орындату заңның үстемдік құруына жол ашады. Жеке сот орындаушылар институты сала жұмысының жандануына ерекше серпін беруде. Жеке сот орындаушылар халықтың құқықтық сауаты мен мәдениетін көтеру, қарызын өтей алмай жүрген жұмыссыздарды тиісті органдар арқылы жұмысқа тұрғызу, т.б. мәселелерде бағыт-бағдар беру шараларына да белсенді қатысады.

Жеке сот орындаушысы өзінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруға, сонымен қатар, өз қызметін жүзеге асырғаннан бастап алты ай ішінде, кейіннен үш жылда бір рет атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша Республикалық палата бекітетін бағдарламаларға сәйкес кәсіптік, оның ішінде қашықтықтан оқудан өтіп тұруға, аталған заңның 148-бабымен бекітілген міндеттерін орындауға міндетті.

Атқару парағын орындатудағы басты проблеманың бірі борышкерлер тұрақты мекенжайын дұрыс көрсетпейді. Оларды табу мақсатындағы қажетті шаралар жүзеге асырылғанша атқару құжаты уақытша тоқтатылады. Осы аралықта өндіріп алушылар тарапынан наразылық туындап жатады. Борышкер атқару парағында жазылған мекенжайда тұрса іспен таныстырылады.

Жеке сот орындаушылардың қызметтік мәртебесі мен тәуелсіздігі, құзыреті, құқықтары, сондай-ақ, міндеттері Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы заңмен бекітілген. Олардың қызметіне заңмен уәкілеттік берілген тұлғалардан басқалар араласа алмайды. Жеке сот орындаушысы көмекші мен тағылымдамашы алуға құқылы. Осы арқылы жас мамандардың тәжірибе жинауына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда жеке сот орындаушыларының жұмысы өзінің тиімділігін жоғары деңгейде көрсетіп отырғанын өмірдің өзі дәлелдеуде. Мемлекетіміз ТМД елдері арасында жеке сот орындаушылардың институтын алғашқылардың бірі болып енгізген айтып өткен жөн болар.

Әділ шешім – соттың абыройы болса, олардың орындалуы мемлекеттің абыройы. Демек, ел халқы қоғамда атқарушылық іс жүргізуге әрқашан екі тарап – борышкер мен өндіріп алушы қатысатынын және олардың мүдделерінің теңгерімін сақтау негізгі басымдықтардың бірі болып табылатынын, сонымен қатар, сот актілерінің орындалуына барлық органдардың атсалысуы қажеттігін түсінудер керек. Сонда ғана, сот шешімдері мен үкімдері, өзге де қаулылары орындалып, елімізде заң үстемдік құрып, зайырлы елге айналамыз.

ҰЛТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОСПАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



**ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ДАМУ ТҮ ӘРҚАШАНДА БАСТЫ
ОРИНДА. ӨЙТКЕНІ, БҰЛАР АЗАМАТТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ
САЛТЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ. ОСЫҒАН ОРАЙ,
ҚАБЫЛДАНҒАН «ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ ТҮДЫҢ 2020-2025
ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ»
БАСҚАРЫЛАТЫН УРБАНДАЛУ АРҚЫЛЫ ӨҢІРЛЕРДІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ
МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТУ
МАҚСАТЫН КӨЗДЕЙДІ.**

Мемлекет басшысы ел үкіметінің алдына логистика мен көлік коммуникацияларын жақсарту, энергия көздерін дамыту арқылы шалғай елді мекендердегі халыққа қолайлы жағдай жасау міндеттерін қойды. Аталған міндеттерді 2029 жылға дейін жүйелі түрде орындауды қамтамасыз ету үшін «Ұлттық инфрақұрылым» жоспары жасалды. Онда елдің әлеуметтік-экономикалық және

аумақтық дамуына ықпал ететін шаралар айқындалды.

Энергетикалық инфрақұрылым, көлік инфрақұрылымы, сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымы, цифрлық инфрақұрылымды бақылау және басқару бағыттарына бөлінген жоспарда іске асырылуы тиіс 204 жоба қамтылған. Бірінші бағыт бойынша, жаңа нысандар салып,

ескілерін жаңарту, сондай-ақ, тұрғындарды газбен қамту деңгейін арттыру, ал екінші бағыт аясында көлік дәліздерін дамытып, жолдарды реконструкциялау мен теміржол желісін жаңғырту көзделсе, үшінші бағытта сумен қамтамасыз ету, су бұру және сарқынды суларды тазарту нысандарын салып, жаңғырту жоспарлары жасалған. Айрықша айтарлығы, цифрлық инфрақұрылымды бақылап, басқаруда цифрлық шешімдер енгізіледі.

Аталған төрт бағыттың әрқайсысының маңызы зор. Себебі, елімізде жарық, газбен, ауыз сумен, интернетпен, жолмен қамтылмаған елді мекендер жетерлік. Осыған орай, әр салада ауқымды жобалар қолға алынған. Мысалы, елімізде энергия тапшылығын жою мақсатында 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам энергия өндіруді көздейтін генерацияны дамыту бойынша кешенді бағдарлама жүзеге асырылуда. Екібастұз ГРЭС-2 стансасын кеңейту аясында жалпы қуаты 540 МВт болатын үшінші энергоблоқтың құрылысы 2028 жылы іске қосылмақ. Алматыда ЖЭО-2 және ЖЭО-3 орталықтарын газға көшіру көзделген.

«Ұлттық инфрақұрылым» жоспары шеңберінде өткен жылы он екі мың шақырым автомобиль жолдарын жөндеп, салу жұмыстары басталды. Сонымен қатар, республикамыздың негізгі өңірлері мен халықаралық көлік бағыттарын байланыстыратын төрт маңызды автожол дәлізін реконструкциялау басталып, нәтижесінде Қарағанды-Алматы (879 шақырым) автожолы, Талдықорған-Өскемен (768 шақырым) тасжолы жөнделді. Батыс Қазақстан облысының көлік қатынасын жақсартатын Ақтөбе-Қандыағаш (96 шақырым) учаскесіндегі жұмыстар да өз мәресіне жетті. Жалпы алғанда, осы жылғы қаңтар-ақпанда жолаушылар айналымы өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 17,2 пайызға көтеріліп, автомобиль көлігінде 33,3 пайыз, әуе көлігінде 9,3 пайызға өскен.

Жоспардағы төртінші бағыт цифрландыруды жүзеге асыру бойынша IMD-2024 «Цифрлық бәсекеге қабілеттілік» рейтингінде Қазақстан 67 елдің арасында 37-орыннан 35-орынға шықты, яғни, бұл реттегі көрсеткіш екі позицияға жақсарды. Еліміздегі 6 179 ауылдың 42 пайызы жоғары жылдамдықты деректерді тарату технологиясымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, ауылдық елді мекендерді шыны-талшықты байланыс желілеріне (ШТБЖ) қосу жобасы аясында 2027 жылдың соңына дейін интернет 3 781 ауылға жеткізілетіні туралы Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мәлімдеді. Осы жылдың соңына дейін шалғайдағы 328 елді мекен интернет желісіне қосылады. Инфрақұрылымдық даму экономикалық өсуді ынталандыруда шешуші рөл атқаратындығы баршаға аян. Өйткені, мықты дамыған инфрақұрылым еңбек өнімділігін арттырумен қатар, бизнеске арналған шығындарды азайтып, халықтың өмір сүру сапасын арттырады.

Республикадағы әр аймақтың даму көрсеткіші әртүрлі. Мұны ондағы жұртшылықтың күнкөріс деңгейінен, инфрақұрылымынан, білім, денсаулық салаларының сапасынан, т.б. көруге болады. Ұлттық статистика бюросы өткен жылы Атырау облысында жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) 45,2 мың АҚШ доллар болып, республика бойынша ең жоғары деңгейге жеткенін мәлімдеді. Бұл көрсеткіш Елордада – 22,3 мың АҚШ долларын, ең ірі мегаполис Алматыда – 27,6 мың долларды құраған.

Ресми мәліметтер республикалық маңызы бар қалалар Алматы, Астана, Шымкентті қоспағанда Маңғыстау, Атырау және Алматы облыстарының даму қарқыны жоғары екенін көрсетеді. Бұл қатарда жаңадан құрылған Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары бар. Мысалы, Абай облысында жан басына шаққандағы ЖӨӨ – 32,5%, Жетісу облысында – 45,9%, Ұлытау облысында – 46,0%-ға артқан. Өңірлердің даму деңгейін кешенді бағалауда жұмыспен қамту, кәсіпкерлік белсенділік, адами капитал сапасы, инфрақұрылым деңгейі, инвестиция көлемі, т.б. жан-жақты зерттелуі тиіс. Мәселен, инвестиция тартуда Алматының белсенділігі жоғары, қалаға 3,8 млрд доллар тартылған. Бұдан кейінгі орын 1,1 млрд доллар инвестициясы бар Атырау облысының еншісінде. Түркістан облысына 685,1 млн доллар, Батыс Қазақстан облысына 647 млн доллар инвестиция құйылған. Ақпарат көздері Қызылорда облысы өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс саласының дамуы жағынан барлық өңірдің алдында тұрғанын көрсетіп отыр. Ал металлургия мен көмір өнеркәсібіне бай Қарағанды өңірінде нақты көлем индексі – 113,1 пайызға өсіп, ол елдегі ең жоғары көрсеткіштердің біріне ие болды.

Өңірдің дамуы – мемлекеттің дамуы. Сондықтан, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың жемісін береріне бек сенімдіміз.

Ұлбала ӘЛІШЕВА,
журналист

АТҚАРУШЫЛЫҚ ӨНДІРІСТЕГІ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУ



Талғат ЭБУОВ,
*Ақтөбе облысы
жеке сот
орындаушылары
Өңірлік
палатасының
жеке сот
орындаушысы*

ӨТКЕН ЖЫЛЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУ ТАРАУЫМЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ. СОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ХАЛЫҚ БҰЛ МАҚАЛАДА ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕН ХАБАРДАР ЕТІЛЕДІ. АЛДЫМЕН ОСЫ ҰҒЫМДЫ ТҮСІНДІРІП ӨТСЕК, АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ АУМАҚТЫҚ ОРГАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУ САНАЛАДЫ.

Оңайлатылған іс жүргізуге аталған заңның 9-бабы 1-тармағының 5), 6), 11) және 13) тармақшаларында көзделген, жеке тұлғадан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі соманы өндіру туралы атқарушылық құжаттар, атап айтқанда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот қаулылары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның немесе лауазымды тұлғаның қаулылары, әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) берген айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар, жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салықтық бұйрықтар қабылданады. Оңайлатылған іс жүргізуді қозғағаннан кейін борышкер туралы мәліметтер автоматты түрде «Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне» енгізіледі.

Оңайлатылған іс жүргізуде берешекті атқарушылық құжат негізінде төлеуде сот орындаушысының қызметіне ақы төленбейді. Заңға сәйкес, борышкер атқарушылық құжаттың талаптарын оңайлатылған тәртіпте орындаудан бас тарта алады. Мұндай кезде атқарушылық құжат орындалу үшін сот орындаушысына беріледі. Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде шығарылған қаулы мен сот орындаушысының қаулысы мәні жағынан бірдей болады. Бұл іс жүргізуді жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органмен айқындалады.

Электрондық нысандағы атқарушылық құжаттың негізінде аумақтық орган осы заңның 11-бабы 1-1-тармағының талаптарын сақтай отырып, атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы оңайлатылған іс жүргізуді дереу қозғайды жән бұл туралы қаулы шығарып, борышкерді хабардар етеді.

10-3-баппен оңайлатылған іс жүргізудегі мәжбүрлеп орындату шаралары белгіленген. Соған орай, айтар болсақ, осы заңның 32-бабы 2-тармағының 1-1) және 3) тармақшалары мен 36-бабында көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылданады.

Борышкер қаржысын банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда сақтауы мүмкін. Мұндай жағдайда ақшалай сома атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған аумақтық органның инкассолық өкімі негізінде өндіріп алынады.

Оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттар іс жүргізу қозғалған күннен бастап күнтіз-

белік отыз күннің ішінде орындалуы тиіс. Егер борышкер оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттың талаптарын уақытылы орындамаса атқарушылық құжат уәкілетті орган айқындаған тәртіпте жеке сот орындаушысына беріледі.

10-5-баппен көрсетілгендей, оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылуы мүмкін, бірақ, оның өзіндік негіздері мен салдары бар. Мысалы, оңайлатылған іс жүргізу екі жағдайда, атап айтқанда, атқарушылық құжаттың талабы толық көлемде орындалған және тиісті органның атқарушылық құжатты беруге негіз болған шешімінің күші жойылған кезде тоқтатылады. Мұндай кезде аумақтық орган тез арала атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қаулы шығарады.

Есте ұстарлығы, оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылған соң оны қайтадан осы тәртіпте бастауға жол берілмейді. Оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылысымен бір мезгілде осы іс жүргізудегі атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар автоматты түрде жойылады. Яғни, оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылған кезде орындалмаған инкассолық өкімдер автоматтандырылған ақпараттық жүйеден автоматты түрде кері қайтарылады.

Атқарушылық құжат оңайлатылған іс жүргізуден жеке сот орындаушысына берілген жағдайдағы оның негіздері мен салдары осы заңның 10-6-бабында айқындалған. 10-4-бапта көзделген мерзім өтіп кетсе, сондай-ақ, борышкер оңайлатылған іс жүргізудегі атқарушылық құжаттың талаптарын орындаудан бас тартса, құжат оңайлатылған іс жүргізуден алынып жеке сот орындаушысына беріледі. Мұның басты салдары оңайлатылған іс жүргізу оңайлатылған тәртіппен қайта басталмайды.

Сонымен бірге атқарушылық құжат оңайлатылған іс жүргізуден жеке сот орындаушысына берілген жағдайда, оның орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қабылданған шаралардың күші жойылмайды. Сот орындаушысына берілген оңайлатылған іс жүргізу, шығарылған инкассолық өкімдер атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен жедел түрде кері қайтарып алынады.

10-7-бапқа сәйкес, оңайлатылған іс жүргізудегі шешімге шағымдануға болады. Бұл үшін өндіріп алушы немесе борышкер оңайлатылған іс жүргізудегі қаулыға ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ

БИЫЛ ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. БҰЛ АЗ УАҚЫТ ЕМЕС. ОСЫ ЖЫЛДАР ІШІНДЕ КОНСТИТУЦИЯ ӘРТҮРЛІ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАУЫ МЕН БАҒДАРЫНА АЙНАЛДЫ. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ КОНСТИТУЦИЯ БІЗ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ӘРІ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ БОЛСА, МЕМЛЕКЕТІМІЗ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ. ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ЗАҢЫ МЕН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРІ, МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРЫ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛЫП, РЕСПУБЛИКАМЫЗДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ӨЗГЕРІС АТА ЗАҢҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ.

1995 жылдың 30 тамызы – ел тарихы үшін аса маңызды күн. Осы күні қазақстандықтар жалпыхалықтық референдумда өз еркімен таңдау жасап, жаңа Конституцияны қабылдады. Осылайша, егемен еліміздің құқықтық негізі қаланып, азаматтық қоғамды қалыптастырудың жаңа дәуірі басталды.

Конституцияның қабылдануы сот жүйесінің түбегейлі өзгеруіне ықпал етті. Нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді тетіктері жүзеге асырылды. Конституция – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның үстемдігі, соттардың тәуелсіздігі және әділдік принциптеріне негізделген десек, бұлар құқықтық мемлекет құруға ұмтылған елімізді дамытуда маңызды рөл атқарды. Қазақстанның сот жүйесі Конституцияның негізгі қағидаларына негізделген. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостан-

дықтары» деп басталатын Конституцияда ел мен жердің, оның барлық байлығының, табиғи ресурстарының халыққа тиесілі екені анық жазылған. Адамның ар-ождан бостандығы әркімнің өз сенімі мен көзқарасын еркін ұстануы, дінін, дүниетанымын ашық білдіруі Ата Заңмен кепілдендірілген.

Ата Заңдағы әр тарау мен әрбір бап, әрбір бөлік аса құнды маңызға ие. Мысалы, «Жалпы ережелер» бөлімінде мемлекеттіліктің негізі, саяси жүйе мен билік тармақтарының бөлінуі айқындалса, «Адам және азамат» тарауында адам ең жоғары құндылық ретінде белгіленген. Сонымен қатар, Ата Заңда адамның өмірі мен бостандығы, ар-намысы, қадір-қасиеті, құқықтары, т.б. жоғары деңгейде қарастырылып, әрбір азаматтың өміріне, құқықтары мен бостандықтарына деген құрмет пен қамқорлық нақтыланған.

Ал «Президент», «Парламент», «Үкімет» бөлімдерінде мемлекеттік биліктің жоғары органдарының құқықтық мәртебесі, өкілеттігі мен міндеттері бекітілген. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, сол арқылы әділдік орнату мәселелеріне «Конституциялық сот», «Соттар және әділет», «Прокуратура»,



«Адам құқықтары жөніндегі уәкіл» тараулары арналып, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі белгіленді, олардың құзіреті мен өзара әрекет етуі заң тұрғысынан айқындалды.

Мемлекет басшысының «Негізгі заң – қоғам арқа сүйейтін басты қағидаттар жиынтығы. Конституцияның арқасында заң үстемдігі мен тәртіп қамтамасыз етіліп, ауқымды өзгерістер кезең-кезеңімен іске асырылып жатыр. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әр азамат өз үлесін қосып келеді» деуі бекер емес. Себебі, Бас құжаттың бастауымен мемлекетіміздің беделі биіктеді. 30 жылда еліміз толайым табыстарға жетті. Мемлекетіміздің ішкі саяси тұрақтылығы сақталып, шет елдермен тиімді байланыс орнатылды. Қазақстанда жүзден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

Отыз жылда Ата Заң бірнеше рет толықтырылып, заман талабына сай жаңартылды. Соңғы жасалған өзгеріс Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл мәртебесін конституциялық деңгейге көтерді. Сонымен бірге, әр азамат Конституциялық Сотқа тікелей жүгіну құқығына ие болды. Ата Заңда жастардың белсенді қоғамдық өмірге араласуына, олардың құқықтарын қорғауға ерекше мән берілген. Конституция – ұлт еркіндігі мен тәуелсіздігінің, бірлігі мен тұрақтылығының басты нышаны.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай, Мемлекет басшысы

«Рақымшылық жасау туралы» заңға қол қойды. Конституция күнінің құрметіне жарияланған рақымшылыққа жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан аса адам іліксе, соның 4 мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқартылады. Бұл қадамын шалыс басып, сүрінгендер үшін үлкен мүмкіндік.

Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстан демократиялық зайырлы мемлекет. Ата Заңның 3-бабының 1-тармағымен мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екені айқындалған. Өз билігін тікелей республикалық референдум, сондай-ақ, сайлау арқылы жүзеге асыратын халық билік жүргізуді мемлекеттік органдарға тапсырады.

Халық еркіндігін айқындайтындықтан Конституцияны әрбір қазақстандық құрмететуге міндетті. Конституция қабылданған күн – Қазақстан халқы үшін ең басты мерейлі мерекенің бірі.

Барша қазақстандықты осынау ұлық мерекемен құттықтаймын. Еліміздің көк туы көкке өрлеп, халқымыздың тыныштықта өмір сүруіне шын жүректен тілектеспін.

Шынар РГЕБЕК,
Алматы облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

ЕҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**ӨТКЕН ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫН
РЕФОРМАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»
ЗАҢЫ ҚАБЫЛДАНҒАНЫ БАРШАҒА АЯН. ОНДА
ХАЛЫҚТЫҢ БАСПАНА ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ ТЕТІКТЕРІ
ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАМТЫЛДЫ. СОҒАН ОРАЙ АЙТСАҚ,
СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДАН БЕРІ БАСПАНАСЫЗ ЖҮРГЕН
БАРЛЫҚ АЗАМАТ ТҰРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖДАР ЕСЕБІНЕ
ТҰРУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛДЫ.**

Заңға сәйкес, бүгінде тұрғын үйді есепке қою және бөлу жұмысымен жергілікті атқарушы органдар айналыспайды, бұл функция «Отбасы банк» АҚ базасында құрылған Ұлттық даму институтына өтті. Тағы бір өзгеріс, ҚР Индустрия және құрылыс министрлігі тұрғын үй кезегінде тұрғандарды түгендеудің жаңа ережесін енгізді, яғни, кезек күту тізімі бұрынғыдай жылына емес, тоқсанына бір рет, жылына төрт рет жаңартылып, қаралатын болды. Кезек тізімінің қысқа уақытта жаңартылуы ондағы өзгерістерді жедел анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, үй бөлудегі әділеттілікті қамтамасыз етеді.

Бұған қоса «бірыңғай терезе» қағидатымен жұмыс істейтін «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» ақпараттық жүйесі құрылды, соның негізінде азаматтар өтініштерін онлайн форматта бере алады және баспана бөлу процесі автоматтандырылды. Ең бастысы, сатып алу құқығымен берілетін жалдамалы баспананы екі және бес пайыздық ипотекамен алу мүмкіндігі туды. Бұл жеңілдік табысы төмен мұқтаж азаматтарға ғана беріледі. Бұл ретте премьер-министр Олжас Бектенов, барлық жалға берілетін және кредиттік тұрғын үйлердің 70 пайызын бірінші кезекте халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары алатынын айтқан болатын.

Тұрғын үй саясатын жақсарту мақсатында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар нәтижесіз емес. Солардың бастысы «Нұрлы жер»

мен «7-20-25» бағдарламалары қазақстандықтардың баспана мәселесін шешуінде негізгі қозғаушы күшке айналды. Мысалы, «7-20-25» бағдарламасымен 7 пайыздық несиені 20 пайыз алғашқы жарнамен 25 жылға алуға болады. «Өз үйім», «Ұмай», «Бақытты отбасы», «Жасыл ипотека», «Наурыз», т.б. мемлекеттік бағдарламалардың барлығында еліміздегі әрбір отбасыға баспана алудың ең тиімді мүмкіндіктері қарастырылған. «Наурыз» және «Отау», сондай-ақ, ауылдық жерлерге арналған «Асыл мекен» ипотекасын мемлекеттік бюджетпен бірге «Отбасы банк» жеке қаражатымен қаржыландырады.

Айтып өтерлігі «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының орнын бүгінде Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы алмастырды. Тұжырымдамада «Отбасы банк» арқылы жалға берілетін пәтерді сатып алу, несиенің жеңілдетілген тәсілін пайдалану, сондай-ақ, жалға берілетін тұрғын үй құнының бір бөлігін субсидиялау, тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тарту, тұрғын үй құрылысындағы үлестік салымдарды қорғауды қамтамасыз ету секілді ауқымды шаралар көзделген. Осы тұста үй кезегінде тұрғандарға әлеуметтік ипотеканың берілу тәртібіне тоқталып өткен артық болмас. Өйткені, өткен жылы тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың



2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдарда үй кезегінде тұрған азаматтарға әлеуметтік ипотека беру тәсілі өзгертілген болатын.

Әлеуметтік ипотекаға он пайыздық алғашқы жарнаны төлеу мүмкіндігі бар азаматтар қатысады, мұнда 2-5 пайыздық несие 20 жылға дейін беріледі. 2 пайыздық ипотеканы I және II топта мүгедектігі бар адамдар мен мүмкіндігі шектеулі балаларын тәрбиелеп отырған отбасыларға, жетім, сондай-ақ, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелеріне, бұрын «Батыр ана» атағын алған және I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденмен марапатталған көпбалалы аналарға беру көзделген. Аталған санаттың барлығында кіріске, сондай-ақ, несиенің ең жоғарғы сомасына шектеу қойылмайды. Бірақ, әлеуметтік пәтердің максималды ауданы 80 шаршы метрден аспауы тиіс.

Ел болашағы жастарды баспанамен қамтамасыз ету мәселесіне де айрықша назар аударылған. Бұл ретте жастарға арналған арендалық тұрғын үй бағдарламасын айтуға болады. Осы арқылы жастарға пәтер белгілі бір мерзімге жалға беріледі. Бұл олардың өз үйінде тұрып, қаржы жинау мүмкіндігін арттырады. Арендалық тұрғын үй бағдарламасы жұмыс істейтін жастар мен студенттерге, сондай-ақ, жас отбасыларға арналған. Жалға алу шарттары тиімді, төлемақы нарық бағасынан айтарлықтай төмен. Сонымен қатар, «Отбасы банк» облыс әкімдіктерімен бірге, жұмыс істейтін жастарға арнап, елдің 16 өңірінде арнайы ипотекалық бағдарламаларды іске қосуда. Енді жастар 10 пайыздық алғашқы жарнамен 19 жылға дейін 5 пайызбен несие алып, баспаналы бола алады. Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі азаматтар қатысады. Сондай-ақ,

жастар үшін арнайы квоталар қарастырылған республикалық тұрғын үй бағдарламалары да бар.

Мемлекеттік бағдарламаға қатысу туралы өтінімдер otbasybank.kz порталында азаматтардың тұрғылықты жері бойынша қабылданады.

Тәуелсіздік алғалы құрылыс саласындағы рекордтық көрсеткіш өткен жылы тіркелді, мысалы, былтыр елімізде 18,96 млн шаршы метр тұрғын үй бой көтеріп, нәтижесінде 172 089 отбасының қоныс тойын тойлауына мүмкіндік берген. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың тұрғын үй саясаты үшін бетбұрыс жылы болғанын көрсетеді. Жаңа заңның арқасында мемлекеттік тұрғын үйді жалға алып отырған 71 мыңға жуық азамат пәтерлерін жекешелендірді. Ипотекалық қарыздар бойынша бастапқы жарнаны жабуда азаматтарға тұрғын үй сертификаттарының берілуі де үлкен мүмкіндік.

Жалпы алғанда былтыр «Наурыз», «Отау» мемлекеттік бағдарламалары 10 мыңға жуық отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартқан. Мемлекет тарапынан 64 мың отбасыға 1 трлн теңге бөлінген. ҚР Индустрия және құрылыс министрлігінің жоспарына сәйкес, жыл соңына дейін елімізде 175 мың тұрғын үй салынады. Мемлекеттік қолдаудың арқасында елімізде жаңа тұрғын үйлерді пайдалануға берудің жыл сайынғы көлемі өсуде.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қолжетімді баспана – арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз» деді. Бұл ретте ипотекалық несие, әлеуметтік баспана, сондай-ақ, жеке секторды қолдау сынды көптеген шаралар тұрғын үй нарығының тұрақты дамуын жылдан-жылға қамтамасыз етуде.

А. ЖОЛСАРЫҚЫЗЫ,
журналист

ТҰТЫНУШЫ ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУҒА, АЙЫРБАСТАУҒА ҚҰҚЫЛЫ

АЗАМАТТАР ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫН ЖЕТІК БІЛУЛЕРІ ТИІС. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДА ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ САПАЛЫ ТАУАРЛАРМЕН, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ АЙҚЫНДАЛҒАН. САУДА ОРЫНДАРЫНАН «ТАУАР ҚАЙТАРЫЛУҒА ЖАТПАЙДЫ» ДЕГЕН ЕСКЕРТУ ЖАЗБАЛАРДЫ КӨРУГЕ БОЛАДЫ. ШЫН МӘНІНДЕ БҰЛ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ. ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ЗАҢНЫҢ 7-БАБЫНЫҢ, 7-БӨЛІГІНЕ СӘЙКЕС, ТИІСТІ ДЕ, ТИІСТІ ЕМЕС ТЕ САПАДАҒЫ ТАУАРДЫ АЙЫРБАСТАП АЛУҒА НЕМЕСЕ ҚАЙТАРЫП БЕРУГЕ БОЛАДЫ.

Осы заңның 4-бабында көрсетілгендей, азық-түлікке жатпайтын тауарды алған күннен бастап тұтынушы 14 күн ішінде, егер сатушы немесе дайындаушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаса, сатып алынған тауарды сатып алу немесе сатушы хабарлаған өзге де орында бағасында айырма болған кезде сатушымен қайта есеп айырыса отырып, осы тәртіздегі соған ұқсас тауарға не тараптардың келісімі бойынша басқа тауарға айырбастай алады. Айырбастау тәртібі осы заңның 30-бабына сәйкес жүргізіледі.

Сатушы немесе дайындаушыда айырбастайтын тауар болмаса, сатып алушы тауарды қайтарып, оған төленген ақшаны алуға құқылы. Тауардың сатып алынғанын растайтын құжат болмаса тұтынушы оны осы сатушыдан сатып алғанын дәлелдеуі тиіс. Тұтынушы тауардан қандай да бір кемшілік тапса және оны ауыстыру туралы талап қойса, сатушы тауардың сапасын тексереді. Сараптама жасау қажеттілігі туған күннің өзінде тауар талап қойылған күнді қоса есептегенде отыз күн ішінде ауыстырылады.

Тауардың кемшілігі техникалық жағынан анықталса, сондай-ақ, шартты бұзу және тауар

үшін төленген ақшаны қайтару туралы талап қойылса, сатушы немесе дайындаушы мен орындаушы оны үш жұмыс күні ішінде қанағаттандыруы керек. Тауардағы кемшілікті сатушы шартта басқа мерзім белгіленбесе тұтынушының келісімімен он күнде жояды. Тауардың кемшіліктерін жоюдың шартта айқындалатын мерзімі жиырма күннен аспауы тиіс. Кемшіліктің сатылғаннан кейін пайда болғаны дәлелденбеген жағдайда сатушы талапты қанағаттандыруға міндетті. Тұтынушы талабы дер уақытында орындалмаса, шартта, Республика заңдарында өзгеше белгіленбесе, мерзімі өткен әрбір күн үшін тауар құнының бір пайызынан кем емес мөлшерде тұрақсыздық айыбы төленеді. Дау сотқа дейін реттелмеген жағдайда айыппұлды өндіріп алуды сот жүзеге асырады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң белгілі бір қағидалар мен нормаларды білу арқылы біршама мәселелерді жылдам әрі нәтижелі шешуге көмектеседі.

Ш. РАҚЫМҚЫЗЫ,
журналист

ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

**«БИЗНЕСІНІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020» БАҒДАРЛАМАСЫ
ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІККЕ СЕРПІН БЕРДІ. ОСЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ КӘСІПКЕРЛЕР НЕСИЕ
БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН СУБСИДИЯЛАУҒА,
НЕСИЕНІ ІШІНАРА КЕПІЛДЕНДІРУГЕ, ШЕТЕЛДЕ
ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУГЕ, Т.Б. СЕРВИСТІК ҚОЛДАУЛАРҒА
ИЕ БОЛДЫ. ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ
МӘЛІМЕТІНШЕ, ОТАНДЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ ДЕРЕКТЕР
ЖҮЙЕСІНЕ ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ КӘСІПОРЫН ТІРКЕЛГЕН.**

Отандық кәсіпкерлік экономиканы көтерудің бірден-бір тәсілі. Сондықтан, елімізде кәсіпкерлікке ынталандыру шаралары жүйелі түрде іске асырылуда. Мысалы, 2023 жылы жастарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында оларға 2,5 пайызбен микронесие беру қолға алынды. Бұл белгілі бір кәсіппен айналысып жүрген, сондай-ақ, кәсіп бастағысы келетін 21 мен 35 жас аралығындағы жастарға үлкен мүмкіндік болды. Аталған бағдарлама 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба аясында енгізілді. Қазіргі күні бизнес саласында 4 млн-нан астам азамат еңбек етуде.

Мемлекет басшысының бастамасымен «Бизнесінің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» атты бағдарламалары біріктіріліп, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға кешенді түрде кірісті. Соның нәтижесінде өткен жылы 12 мыңнан астам бизнес жобаларға 1 трлн теңге несие субсидияланды. Ал осы жылы бюджеттен шағын және орта бизнес өкілдерінің 40 мың жобасына, кәсібін енді бастағандардың 20 мың жобасына қаржы бөлінген. Бұған қоса он мыңнан аса кәсіпкер ақысыз оқытылып, 166 мыңнан астамына консультациялар берілген.

Жалпы бизнесті қолдауда қабылданып жатқан кешенді шаралар ел экономикасындағы ШОБ үлесін 37 пайызға, отандық тауар өндірушілердің үлесі 1,8 пайызға ұлғаяуына септігін тигізді. Қазақстандық тауар өндірушілерден мемлекеттік сатып алуларда басым тәртіппен сатып алынатын тауарлар тізбесі 3 есеге кеңейтіліп, ірі тапсырыс берушілердің сатып алу рәсімдеріне өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде отандық тауар өндірушілермен

470 млрд теңгеге 100-ден аса ұзақмерзімді шарт, 134 млрд теңгеге 260-тан астам офтейк-келісімшарт жасалды. Яғни, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 14 есеге көбейген. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға да айрықша көңіл бөлінуде. Мысалы, биыл 5 млн теңгеге дейінгі мемлекеттік гранттар мен салалық шектеулерсіз 7 пайыздық, яғни, 1,5 млрд теңгеге дейін кредитке субсидия қарастырылды.

Инновациялық кәсіпкерлік отандық кәсіпкерлікті дамытудың маңызды бағыты. Сондықтан, бұл бағыттағы еңбек етіп жатқан кәсіпкерлерге де қаржылық тұрғыда айтарлықтай қолдау жасалуда. Шағын және орта бизнесті қолдаудың тағы бір шарасы синдикатталған кредиттеу, бұл бір мезгілде бірнеше банк 15 млрд теңгеге дейінгі ірі жобаларды қаржыландыратынын білдіреді. Бизнесінің операциялық шығындарын төмендетуге арналған есеп-қисапты автоматтандыру жұмыстары жүзеге асырылып жатқанын айта кеткен жөн болар. Мысалы, осы жылдың соңына дейін барлық есеп-қисаптың 40 пайызын оңтайландыру көзделуде. Отандық кәсіпкерлікті дамытуда кәсіпкерлерге консалтингтік көмек көрсету үшін салалық отандық және шетелдік консультанттар тартылуда. Мұндай шараның кәсібін енді бастағандар үшін берері мол.

Ұлттық экономиканы 2030 жылға дейін екі есеге көтеруде отандық кәсіпкерлікті дамытудың маңызы зор. Осы себепті, экономикалық тұрақтылықты одан әрі нығайту Үкіметтің басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Ұ.ТІЛЕУҚЫЗЫ,
Алматы

БЕРІК ТӨЛЕУОВ, ДОҒАРЫСТАҒЫ ПОЛИЦИЯ ПОДПОЛКОВНИГІ

«ӘР БІР ЖЕТІСТІГІМДЕ ОТБАСЫМНЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР»

ЕЛ СЕНІМІН АРҚАЛАҒАН
ТӘРТІП САҚШЫСЫ АТАНУ –
ЖҮРЕГІНІҢ ҚАЛАУЫНА
АЙНАЛЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ,
ОСЫНАУ ҚЫЗМЕТТІ
АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП,
ЖӘНІБЕК АУДАНЫ
ЖҰРТШЫЛЫҒЫНЫҢ
АРАСЫНДА БИІК БЕДЕЛГЕ
ИЕ БОЛҒАН ЖАННЫҢ
БІРІ – ДОҒАРЫСТАҒЫ
ПОЛИЦИЯ ПОДПОЛКОВНИГІ
БЕРІК ТӨЛЕУОВПЕН
ӘҢГІМЕЛЕСУДІҢ СӘТІ
ТҮСКЕН ЕДІ.



– Сіздің бітім-болмысыңыздың қалыптасуына әсер еткен жандар туралы айтып кетсеңіз?

– Хакім Абай «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан мінез жұғады: ата-анадан, ұстаздан, қоршаған ортадан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», – демекші, қанатымның қатайып, өмірден өз орнымды адаспай табуыма ата-анам, ардақты ұстаздарым мен өз ісінің кәнігі маманы болған әріптес ағаларымның сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Әкем Төлеп Төлеуұлы елімізді жаудан азат ету жолында қан майданға қатысқан Ұлы Отан соғысының майдангері. Жалпақтал ауылындағы мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, аудан-

дық атқару комитетінде инспектор болып адал қызмет атқарды. Ағаш шебері. «Әкеге қарап ұл өсер» демекші, ғұмырымның кәусар бастауы балалық шағымнан бастап әкемнің қолынан шыққан керемет бұйымдардың жасалу тәсілін қасында жүріп, меңгеріп алдым.

Марқұм анам Нағима Сариева Фурманов орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Ағам Серік екеуміз отбасында ата-анамыздың мейіріміне малынып өстік. «Егер ер жігіт құласа мәстегінен, оны жұбатындар. Көкірегі құм болып шайылып кетпесін. Егер ер жігіт құласа тұлпарынан, оны жұбатпандар. Себебі, ол өз-өзін қайрайды» деген дана Абайдың сөзін жиі мысалға келтіретін мінезі қатал, бір кесіп сөйлейтін әкем мен анамның өнегелі тәрбиесінің арқасында осы

кезге дейін жадағай ойлап, жаңсақ баспағаныма шүкіршілік етемін. Ой-бітімі өрен, парасат-білігі терең, аяулы ұстаздарымыздың арқасында өмірдің сан тарау соқпағында сыныптастарымның барлығы да орнымызды адаспай тауып, олардың бойымызға сіңірген білімін қадемізге жаратып, білімді де білікті маман ретінде өмірге кірпіш болып қаландық деп мақтанышпен айта аламын. Жасымнан спортты жанымға серік етіп, күрестен ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Нұрлан Хауметов басқаратын самбо үйірмесіне қатысып, жүйелі түрде футбол, хоккей ойнаумен шұғылдандым.

– Мамандық таңдау жолындағы арманыңыз қаншалықты орындалды?

– 8-сыныпты аяқтаған соң Ресей Федерациясы Саратов облысының Новоузен қаласындағы зооветеринария техникумында білім алдым. Одан кейін Ленинград облысының Гатчина қаласында азаматтық борышымды өтедім. Ротада жалғыз қазақ болдым. Келешек ғұмырымды әскери саламен байланыстырамын деген шешіміме әкем үзілді-кесілді қарсы болып, елге оралдым. Болашақта заңгер мамандығын игеріп, соның ішінде полиция қызметкері болуға нық бекіндім. 1990 жылы Жалпақтал аудандық ішкі істер бөліміне сержант шенінде уақытша ұстау изоляторының бекетшісі болып жұмысқа орналастым. Төрт ай Атырауда машықгерлік тағылымдамадан өттім. Сотталушыларды тасымалдайтын көліктің жүргізушісі ретінде Жалпақтал ауданынан 90 шақырым жердегі Саратов облысының Алғай стансасына сотталушыларды этаппен пойызға жеткізетінмін. ҚРІМ Шымкент арнаулы орта милиция мектебін, ҚРІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтын «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдадым. Жалпақтал ауылында жасөспірімдермен жұмыс жөніндегі инспектор, аға учаскелік полиция инспекторы, кезекші бөлімде аға кезекші инспектор болдым.

Ішкі істер саласында белгіленген кестеге сай уақыт режимі болмағандықтан әрқашан физикалық, моральдық-психологиялық тұрғыдан түрлі жағдаятқа дайын жүретін дағдым қаныма сіңіп кетті. Заң шеңберінде жұмыс жасап, қылдай қиянатқа бармай, қашанда қиындыққа төзіп, салқын сабырмен ақылымды алдыма салып, абыройыма кіршік түсірмей, еліме қызмет ете берсем деген ұстаныммен өмір сүрдім. Органда қызметте жүргенімде кезекті еңбек демалысына шықсам да, нысанды қызметтік киіммен жүрмесем де негізгі қызметтік міндетім құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғам

мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғауға негізделгенін ешқашан жадымнан шығармаймын. Көңілім құлаған, жүрегім қалаған мамандығыммен әрқашан мақтанамын.

2004 жылы Жәнібек АПБ-нің бастығы Бейбіт Зиналиевтің орынбасары болып тағайындалып, 2015 жылы осы лауазымнан зейнетке шықтым.

– Сала жұмысының қыр-сырына баулыған шәкірттеріңіз бар ма?

– Өзім тәлімгері болып, сала жұмысының қыр-сырына баулыған шәкіртім, полиция майоры Мейрамхан Бапахов бүгінде Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы болса, полиция подполковнигі Тимур Мамытов – Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімі бастығының тәрбие және кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция майоры Олжас Маткерімов Түркістан облысы Сайрам аудандық полиция бөлімі ЖПҚ-нің аға учаскелік полиция инспекторы болып абыройлы қызмет атқаруда.

– Отбасыңыз жайлы айтсаңыз, балаларыңыз жолыңызды қуды ма?

– Ішкі істер органынан құрметке демалысқа шыққан соң аудан әкімдігінде заңгер болдым. Тоғыз жылдан бері аудандық сотта бас маман – аға сот приставы болып еңбек етемін. Менің әрбір жетістігімде отбасымның үлесі зор. Жұбайым Әлия Зәкарияқызы ұлағатты ұстаз. Қызметімді алаңсыз атқаруыма жағдай жасап, балаларымның тиянақты білім алуына бар күш-жігерін жұмсады. Тұңғышым Ақбота жолымды қуып, заңгерлікті таңдады. Батыс Қазақстан облыстық сотында еңбек етіп тәжірбе жинаған қызым бүгінде Жәнібек аудандық мәслихатында заңгер. Екінші қызым Альбина С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ді аяқтады. Осы университеттің резидентурасын ангиохирург мамандығы бойынша оқып, жұмыс жасауда. Үлкен ұлым Айдын Түркияның ЭГЕ мемлекеттік университетінде инженер мамандығы бойынша білім алып, сол елде жұмыс жасап жатыр. Кенже ұлым Заңғар Орал политехникалық колледжінің 2-курсын аяқтады.

– Әңгімеңізге рақмет.

Мендігүл ФАЗЫЛОВА,
*«Батыс Қазақстан облысының
мемлекеттік архиві» КММ
Жәнібек аудандық
филиалының директоры*

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес
келе бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 11.07.2025 ж. жіберілді. Басуға 19.07.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 7. Таралым 2000.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: 75849

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:

8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru